

**ПАВЛОДАР Қ. ӘКІМДІГІ,
ПАВЛОДАР Қ. БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ
«БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР ЭКОЛОГИЯ
ЖӘНЕ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫ» МҚКК**



**ГККП «ДЕТСКО-ЮНОШЕСКИЙ ЦЕНТР
ЭКОЛОГИИ И ТУРИЗМА»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ Г. ПАВЛОДАРА,
АКИМАТА Г. ПАВЛОДАРА**

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛДЕМЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы білім беру бөлімінің
«Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК
жұмыс тәжірибесінен

РЕАЛИЗАЦИЯ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА В СИСТЕМЕ ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

из опыта работы ГККП «Детско-юношеский центр экологии и туризма»
отдела образования города Павлодара акимата города Павлодара

Павлодар
2016

АВТОРЛАР-ҚҰРАСТЫРУШЫЛАР:

Л.А.Вольф, б.ғ.к., Балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану Халықаралық Академиясының академигі, БЖЭТО МҚКК басшысы

Ж.К.Темирова, БЖЭТО МҚКК оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі басшының орынбасары

З.Е.Сарбасова, философия магистрі, БЖЭТО МҚКК әдістемелік бөлімінің меңгерушісі

И.В.Болдишор, химия магистрі, БЖЭТО МҚКК әдіскері

КЕҢЕС БЕРУШІ:

К.Т.Алимова, Қазақстан Республикасының білім беру озаты, Павлодар облысының білім беруді және тәрбиелеуді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері

ШКІР БЕРУШІЛЕР:

С.И.Абишева, п.ғ.к., Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің доценті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің профессоры

Б.Д.Қайырбекова, п.ғ.д., Павлодар қаласы Инновациялық Еуразиялық университетінің профессоры

АВТОРЫ-СОСТАВИТЕЛИ:

Вольф Л.А., к.б.н., академик Международной Академии детско-юношеского туризма и краеведения, руководитель ГККП ДЮЦЭТ

Темирова Ж.К., заместитель руководителя по учебно-методической работе ГККП ДЮЦЭТ

Сарбасова З.Е., магистр философии, заведующая методическим отделом ГККП ДЮЦЭТ

Болдишор И.В., магистр химии, методист ГККП ДЮЦЭТ

КОНСУЛЬТАНТ:

Алимова К.Т., Отличник образования Республики Казахстан, методист Инновационного центра развития образования и воспитания Павлодарской области

РЕЦЕНЗЕНТЫ:

Абишева С.И., к.п.н., доцент Комитета по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, профессор Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова

Каирбекова Б.Д., д.п.н., профессор Инновационного Евразийского университета города Павлодара

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ИННОВАЦИОННЫЙ ЕВРАЗИЙСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ**

РЕЦЕНЗИЯ

на материалы сборника
по обобщению опыта работы

Детско-юношеского центра экологии и туризма г. Павлодара

Детско-юношеский центр экологии и туризма г. Павлодара реализует государственную политику в области дополнительного образования детей, проводит работу в сфере экологии, туризма и краеведения, предоставляя возможность для выбора занятия по интересам, склонностям и способностям с целью осознанного профессионального самоопределения учащихся. Деятельность центра направлена на создание условий по достижению нового качества образования, успешную социализацию подрастающего поколения, развитие функциональной грамотности. Учебно-воспитательный процесс ДЮЦЭТ охватывает 32 детских объединения с контингентом 1044 учащихся, в которых ведется работа по эколого-биологическому, научно-исследовательскому направлениям, экологическому туризму и краеведению.

Для интеграции среднего и дополнительного образования педагогами ДЮЦЭТ разработаны и ведутся элективные курсы, экологические лектории для учащихся средних общеобразовательных школ которые способствуют формированию познавательных интересов, созданию условий для творческого раскрытия и самореализации человека. Проводимая ДЮЦЭТ работа удовлетворяет запросы родителей на подготовку ребенка к исследовательской деятельности, выбору профессии, развитию его разнообразных способностей, склонностей и интересов.

В данное время, модернизация системы образования требует поиска новых форм и моделей взаимодействия, позволяющих обеспечить высокое качество образовательных услуг, в связи с этим в ДЮЦЭТ разработана Программа развития «Создание единого образовательного пространства для успешной социализации личности учащихся». В содержании Программа развития определены направления ее реализации.

Учитывая вышесказанное, считаю, что ДЮЦЭТ активно ведет работу по формированию экологического мышления, понимания единой картины мира, неразрывности связи человека с природой и это большой труд коллектива центра. Представленный в сборнике материал является доказательством работы и заслуживает высокой оценки. Материалы сборника в данное время очень актуальны и поэтому могут быть рассмотрены и обобщены на Республиканском уровне.

Рецензент
Д.п.н., профессор



Б.Д.Каирбекова

Подпись Каирбековой Б.Д. копы растаймын
Начальник отдела кадров ИНЕУ заверяю
ИНЕУ кадырлар бөлімінің бастығы У



РЕЦЕНЗИЯ

на сборник материалов по обобщению опыта работы
ГККП «Детско-юношеский центр экологии и туризма» (ДЮЦЭТ)
г. Павлодара
«Реализация компетентного подхода
в системе дополнительного образования»

Сборник материалов посвящен вопросам создания единого образовательного пространства для развития общих и ключевых компетенций учащихся через систему мероприятий по направлениям экология, туризм, краеведение.

Актуальность работы подтверждается модернизацией системы дополнительного образования Республики Казахстан по развитию функциональной грамотности и успешной социализации учащихся, обновлением содержания и структуры воспитания на общенациональной идее «Мәңгілік ел» и ценностей современного воспитания.

В работе описана деятельность ДЮЦЭТ по созданию организационно-управленческих и организационно-педагогических условий, обновлению функциональных задач и содержания работы педагогов, определены основные направления и критерии результативности создания единого образовательного пространства через реализацию компетентного подхода в образовательном пространстве ДЮЦЭТ.

Представленный инновационный педагогический опыт может быть рекомендован к использованию как в работе учреждений дополнительного образования, так и образовательных учреждений всех типов в практике работы учителей, методистов и работников образования, заинтересованных в успешной самореализации, личностном и профессиональном самоопределении учащихся.

Рецензент:

профессор кафедры архитектуры и дизайна
Павлодарского государственного
университета им. С.Торайгырова,
кандидат педагогических наук,
доцент педагогики КҚСОН МОН РК

Абишева С.И.



2022. 2016

АНДАТПА

Осы жұмыста қосымша білім беру жүйесінде құзыреттілік тәсілдемесін жүзеге асыру бойынша Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК (әрі қарай БЖЭТО) тәжірибесі ұсынылған.

Құзыреттілік тәсілдемесін іске асыру оқушылардың социумда табысты бейімделуі мен бірлесуі мақсатында негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы қамтамасыз етілетін білім беру, оның ішінде қосымша білім беру сапасы дамуының жаңа дәрежесіне қол жеткізуге мүмкіндік туғызады.

Жұмыс мазмұнында экология, туризм, өлкетану бағыттарында іс-шаралар жүйесі арқылы оқушылардың жалпы және негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында шарттарды жасау бойынша БЖЭТО қызметі сипатталады.

Инновациялық педагогикалық тәжірибесі оқушылардың табысты өздігінен іске асырылуы, тұлғалық және кәсіби тұрғыда өздігінен анықталуына мүдделі барша үлгідегі білім беру мекемелері, оның ішінде қосымша білім беру ұйымдарының жұмысында қолдануға ұсынылады.

АННОТАЦИЯ

В данной работе представлен опыт ГККП «Детско-юношеский центр экологии и туризма» города Павлодара акимата города Павлодара (далее ДЮЦЭТ) по реализации компетентностного подхода в системе дополнительного образования.

Деятельность ДЮЦЭТ на основе компетентностного подхода позволяет достичь нового уровня развития качества образования, которое обеспечивается за счет формирования и развития навыков широкого спектра у учащихся для их успешной адаптации и интеграции в социуме.

В работе описана деятельность ДЮЦЭТ по созданию условий для развития общих и ключевых компетенций учащихся через систему мероприятий по направлениям - экология, туризм, краеведение.

Инновационный педагогический опыт может быть рекомендован к использованию как в работе организаций дополнительного образования, так и образовательных учреждений всех типов, заинтересованных в успешной самореализации, личностном и профессиональном самоопределении учащихся.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	10
1. Құзыреттілік тәсілдемесінің әдіснамалық негіздері	11
2. «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК - Павлодар аймағы бойынша қосымша білім беру қор орталығы	13
3. БЖЭТО МҚКК қызметінің бағыттары	15
3.1. Әдістемелік қызметі	15
3.2. БЖЭТО оқыту кеңістігі	21
3.3. Экология	23
3.4. Туризм	27
3.5. Өлкетану	32
3.6. Жаз - шағын өмір!	34
3.7. «Экология. Туризм. Өлкетану» Марафоны	37
4. БЖЭТО МҚКК қызметінің нәтижелілігі	37
5. БЖЭТО МҚКК даму келешегі	45
6. Қосымшалар	88

СОДЕРЖАНИЕ

Введение	48
1. Методологические основы компетентного подхода	50
2. ГККП «Детско-юношеский центр экологии и туризма» - ресурсный центр дополнительного образования Павлодарского региона	51
3. Направления деятельности ГККП ДЮЦЭТ	53
3.1. Методическая служба	53
3.2. Образовательное пространство ДЮЦЭТ	60
3.3. Экология	63
3.4. Туризм	67
3.5. Краеведение	72
3.6. Лето – маленькая жизнь!	75
3.7. Марафон «Экология. Туризм. Краеведение»	77
4. Результативность деятельности ГККП ДЮЦЭТ	77
5. Перспективы развития ГККП ДЮЦЭТ	85
6. Приложения	89

КІРІСПЕ

Павлодар қаласының Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы (БЖЭТО) балаларға қосымша білім беру саласында Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын жүзеге асыра, оқушылардың социумда табысты бейімделуі мен бірлесуі мақсатында, олардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру арқылы білім беру сапасы дамуының жаңа дәрежесіне қол жеткізу үшін біртұтас оқыту кеңістігін жасау бойынша қызметін атқарады.

БЖЭТО қызметі «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы мен заманауи тәрбие құндылықтары негізінде білім және тәрбие берудің бірлесуі, тәрбие берудің әдіснамасы, мазмұны мен құрылымының жаңартылуы бойынша шарттарды қамтамасыз етуге бағытталған.

БЖЭТО оқушылардың саналы кәсіби тұрғыда өздігінен анықталуы мақсатында қызығушылықтары мен қабілеттері бойынша оқуды таңдау үшін мүмкіндік туғызып, экология, туризм, өлкетану салаларындағы аймақтық қосымша білім берудің ажыратылмас құрамдас бөлігі болып келеді.

Бос уақыт әлеуетіне негізделінген БЖЭТО-ғы оқу-тәрбие үдерісі 1044 оқушылардың қамтылуымен келесі бағыттар бойынша 32 балалар бірлестіктерінде жүзеге асырылады: экологиялық-биологиялық, ғылыми-зерттеу, экологиялық туризмі және өлкетану. Орталықтың ерекше оқыту қажеттіліктері бар балалар және жасөспірімдермен жұмыс атқару тәжірибесі жеткілікті. Қосымша білім берумен аймақтың жалпы орта білім беру мектептерінің оқушылары қамтылған, оның ішінде «ЮнЭк», «Сад и мы», «Юный цветовод», «Жасмин» және «Пилигрим» балалар бірлестіктерінің 80 оқушылары бірқатар жылдар бойы тығыз ынтымақтастық жүргізілетін «Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған №1 арнайы жалпы білім беретін мектеп-интернаты» ММ, «Павлодар қаласының облыстық арнайы жалпы білім беру мектеп-интернаты» ММ, «№4 арнайы түзету мектеп-интернаты» ММ, «Павлодар қаласының отбасы үлгісіндегі балалар ауылы» ММ және «Самал» оңалту орталығы» МҚБ тәрбиеленушілері болып табылады.

Білім беру жүйесіндегі құзыреттілік тәсілдемесі қосымша білім беру жүйесіндегі оқыту саласы жаңартылуының жолын толық бейнелейтін жаңа және көкейкесті негізі болып келеді.

Жалпы құзыреттіліктері өзегінің құрамдас бөліктері келесі дамытпалы құзыреттіліктерінен құралған: байланыс, денсаулық сақтау, социум, шығармашылық. Жалпы және дамытпалы құзыреттіліктерінің тығыз өзара әрекеттестігі өскелең ұрпақтың бойында азаматтылық және отансүйгіштіктің жоғары дәрежесі мен гуманистік бағдарланған көзқарасын қалыптастыру және өз қабілеттерін толық жүзеге асыруы мақсатында шарттарды жасау үшін бағытталған.

Жалпы орта білім беру мектептері 12-жылдық білім беру үлгісіне көшу, білім беру мазмұнының жаңартылуы жағдайында білім беру сапасының арттырылуына бағытталған мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартының орындалуын іске асырады.

БЖЭТО ТҮЛЕГІНІҢ ҮЛГІСІ



Қосымша білім беру жүйесі мектеп мақсатын жүзеге асыруда негізгі орын алады - кең шоғырлы дағдыларына ие түлекті қалыптастырады және өз қызметін заманауи инновациялық ортада адамға қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағыттайды.

Қойылған міндеттерді іске асыруы мақсатында БЖЭТО-да тиісті жағдайлар жасалған: жоғары білікті кәсіби педагогикалық ұжымы, қажетті әдістемелік-бағдарламалық және материалдық-техникалық қорлары бар - оқу кабинеттерімен қоса 3 бейімделген ғимарат, экологиялық-ботаникалық кешені, туристік-машықтану соқпағы, «Жас эколог» мұражайы, бөлме және тропик өсімдіктерінің топтамасымен жылыжай, ашық және жабық скалодромдары, кітапхана.

БЖЭТО қызметінің нормативтік-құқықтық базасы әрекет ететін заңшығарушылық құжаттарымен анықталады (1 қосымша).

Тәжірибенің көкейкестілігі Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің білімдіктен құзыреттілік, тұлғалық-бағдарланған парадигмаға бағыт алуымен шартталды.

Тәжірибенің жаңашылдығы Орталық қызметінің бағыттарына сәйкес басқару, әдістемелік және ұйымдастырушылық-педагогикалық іс-шаралар жүйесі, ұстаздардың қызметтік міндеттері мен жұмыс мазмұнының жаңартылуы, мемлекеттік-жеке меншік серіктестігі көлемінде әртүрлі мүдделі ұйымдарымен ынтымақтастық арқылы оқыту кеңістігінде құзыреттілік тәсілдемесін жүзеге асыру бойынша шарттарды жасау болып табылады.

1. ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТӘСІЛДЕМЕСІНІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ҚАҒИДАЛАРЫ

Қосымша білім беру жүйесі жалпы білім берудің маңызды құрамдас бөлігі ретінде өскелең ұрпақпен жұмыс атқаруда тиімді тәсілдемелер, балалардың

заманауи қоғамда табысты әлеуметтенілуіне дайындаудың инновациялық әдістері мен үлгілерін үнемі іздестіруде.

Жалпы және негізгі құзыреттіліктерді дамытудың психологиялық-педагогикалық тұрғысында сүйемелдеу мәселелері А. Маслоу, С.Л. Рубинштейн, Л.М. Митина, Н.Ф. Талызина сияқты ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Құзыреттілік тәсілдемені іске асырудың әралуан қырлары А.Л.Андреев, Л.Н. Боголюбов, Ж. Делор, Э.Ф. Зеер, И.А. Зимняя, О.Е.Лебедев, А.К. Марков, Дж. Равен, Г.К. Селевко, Н.А. Соколова, Б.Оскарссон, С. Шо, А.Ф. Присяжная, Н. Хомской, А.В. Хуторской, т.б. жұмыстарында көрінісін тапты.

Педагогикалық тәжірибе үшін ең қолайлы О.Е. Лебедевтiң пікірлері болып табылады, оның пайымдауынша, түлектердің қоғамдағы өмірге табысты бейімделуі тұрғысында құзыреттілік тәсілдемесінің маңыздылығы зор болып келеді. Қосымша білім беру жүйесінде оқушылардың жалпы құзыреттіліктерін дамытудың дидактикалық үлгісін құрастыру Ю.А. Громыко, В.И. Слободчиков, П.Г. Щедровицкий, О.П. Кенкманн, Г.А. Ягодин, Г.П. Ников, А.А. Поповтың психологиялық-педагогикалық жобалау саласындағы қорытындылары мен Г.В. Залевский, Г.Н. Прозументованың ашық білім беру жүйесінің пікірлеріне негізделінеді.

Құзыреттіліктер, олардың жіктелуі

Құзыреттіліктер жалпы және негізгі деп ажыратылады. Жалпы құзыреттіліктер - оқушының белгілі бір әлеуметтік тәжірибені меңгеру үдерісі барысындағы дамуы мен қызметінің нәтижесі. Жалпы құзыреттіліктер белгілі бір деңгейге дейін әмбебап болып келеді. Жалпы құзыреттіліктерінің өзегін жеке тұлғаның бейімделу, әлеуметтенілу, социумда бірлесу және өздігінен жүзеге асырылуы құрайды, олардың құрамдас дамытпалы құзыреттіліктері байланыс, денсаулық сақтау, социум, шығармашылық болып табылады. Жалпы құзыреттіліктері өзегінің құрамдас бөліктері бір-бірімен өзара тығыз байланысты.

Негізгі құзыреттіліктер оқушылардың қызмет тәсілдерінің белгілі бір жиынтығын меңгеруінде бейнеленеді. Қызмет жиынтығы әлеуметтік тұрғыда талап етілуі тиіс, тапсырыс беруші сұранысының нысаны болып келеді. Негізгі құзыреттіліктер әлеуметтік-экономикалық ахуалдың өзгерістерімен байланысты түзетіліп, оқушылар үшін кәсіби маңыздылығына ие болады.

Негізгі топтарын келесідей жіктеуге болады:

- оқу-танымдық;
- ақпараттық;
- коммуникативтік;
- еңбек-әлеуметтік;
- тұлғалық өздігінен жетілу құзыреттілігі.

Тәжірибенің қалыптасуы барысында бірқатар қарама-қайшылықтар анықталып шешілді:

1. Ұйым қызметінің мазмұны және білім беру мазмұнын жаңартудың қойылған міндеттері арасында. Қосымша білім беру ұйымдарының мақсаттары мен міндеттері білім беру мазмұнының жаңартылуына сәйкес анықталса,

қосымша білім беру ұстаздарының бағдарламалары сәйкес келмеді.

2. Бірқатар ұстаздардың педагогикалық шеберлігі мен психологиялық-педагогикалық құзыреттілігінің жеткіліксіз дәрежесі және қосымша білім беру ұйымының дамуында өзгерістер мен ынтымақтастыққа дайын педагогикалық қызметкерлеріне сүйену қажеттілігі арасында.

3. Материалдық-техникалық базасы мен оқыту құралдары және жаңартылудың нығаюын талап ететін жаңа білім беру бағдарламаларының енгізілуі мен заманауи оқыту міндеттерінің қойылуы арасында.

Осыған байланысты келесі міндеттерді шешу қажеттілігі туындады:

1. Қосымша білім беру мекемесінің беделі, оның бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру.

2. Қосымша білім беру мазмұнының жаңартылуы:

- қосымша білім беру бағдарламалары мен элективтік курстарын құрастыру және еңгізу (дамыту, біріктірілген, зерттеу, т.б.);

- әлеуметтік тапсырысты орындау, әр оқушыны «табыс жағдаятына» жеткізу.

3. Жалпы орта және қосымша білім берудің бірлесуі. Кәсібиге дейінгі білім алу шарттары мен мүмкіндіктерін жасау.

4. Жалпы орта және қосымша білім беру мекемелері қорларының қауымдасуы және алмасуы (зияткерлік, кадрлық, ақпараттық, материалдық-техникалық, т.б.), қызметтерді ұсынуы (кеңес беру, ақпараттық, техникалық, т.с.с.).

5. Оқушылардың тұлғалық және кәсіби тұрғыда өздігінен анықталуы мақсатында қоғам талаптары, аймақтың көкейкесті ахуалы мен әлеуметтік-экономикалық дамуын рефлексивтік талдауының негізінде ұйым дамуының жоспарлауын құрастырудың болжамдық сипаты.

2. «БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ ОРТАЛЫҒЫ» МҚКК - ПАВЛОДАР АЙМАҒЫ БОЙЫНША ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҚОР ОРТАЛЫҒЫ

Ұйым атауы: Павлодар қаласы әкімдігі Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК

Басшы: Людмила Александровна Вольф, биология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық балалар-жасөспірімдер туризмі және өлкетану Академиясының академигі.

Экология білім беру және туристік-өлкетану қызметі саласындағы танымал маман. «Қосымша білім беру жүйесінде тұрақты дамуы мақсатында экологиялық білім беру» (Орталық



Азия аймақтық экологиялық орталығының жобасы); «2007-2010 жж. қосымша білім беру жүйесінде оқушыларға үздіксіз экологиялық тәрбие және білім беру»;

«2011-2015 жж. құзыреттілік тәсілдемесі БЖЭТО құзыреттілік тәсілдемесі оқушылардың кәсіби тұрғыда өздігінен анықталуының құралы ретінде» бағдарламаларының авторы. Қазақстан Республикасы коммерциялық емес экологиялық ұйымдары ұлттық ассоциациясы басшыларының кеңесі, «Экоәлем» республикалық журналы редакциялық кеңесінің мүшесі.

Жоғары оқу орындары ғылыми-жаратылыстану мамандықтарының студенттері мен магистранттарына арналған «Экскурсиятану» оқу-әдістемелік құралы және «География», «Туризм» мамандықтары бойынша оқитын студенттерге арналған «Мектеп туризмінің нұсқаушысы» элективтік курсы тек өскелең педагогикалық ауысымы ғана емес, сонымен қатар тәжірибелі мамандар үшін үстел кітабына айналды.

«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісі, Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі, ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы, ҚР БҒМ Ұлттық дене шынықтыру оқу-тәжірибелік орталығы, «Павлодар облысы білім беру басқармасы» ММ Құрмет грамоталары; «Балалар үшін» Алтын жұлдызы», «Қазақстан Республикасы туризм саласының үздігі» төс белгілерімен марапатталды.



Құрылу тарихы:

1955 жылы қалалық пионерлер Үйі тұсында жас натуралистер бөлімі ашылып, 1956 жылы қалалық жас натуралистер стансасына айналды.

1962 жылы қалалық жас натуралистер стансасы облыстық мәртебесіне ие болды (ОЖНС).

1999 жылы ОЖНС «Балалар-жасөспірімдер экологиялық мектебі» МҚКК қайта аталып, «оңтайландырумен» байланысты

қалалық қаржыландыруға көшіріледі.

2007 жылы «Балалар-жасөспірімдер экологиялық мектебі» МҚКК «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК мәртебесін иемденеді.

Меншік үлгісі: мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 140004, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Саматов к., 1/2

Телефон: +7(7182) 33-30-24

E-mail: ekoty@yandex.kz

Оқушылар саны: 1 044

Қызмет бағыттары: экология, туризм, өлкетану

Қызмет нысаны: Туризм, экология, өлкетану салаларында «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін жүзеге асыру.

Материалдық-техникалық базасы: Орталық 789,8 м² жалпы алаңымен 3 бейімделген ғимаратта орналасқан, жобалық қуаты – 195.

3 оқу кешендері: №1 - әкімшілік, мұнда басқару аппараты, кітапхана, мәжіліс залы, төменгі қабатында - «Жас эколог» мұражайы; №2 - экологиялық-ботаникалық кешені, туристік-машықтану базасы, жылыжай, оқу кабинеттері; №3 - жабық скалодром, оқу кабинеттері.



Орталық аудио, бейне,

телеаппаратурасы және кеңсе техникасымен жабдықталған.

Көлік құралдарының 2 бірлігі бар.

Қызметкерлер саны: барлығы - 62, оның ішінде әкімшілік-басқарушылық персонал - 5, бөлім меңгерушілері - 8, әдіскерлер - 3, қосымша білім беру ұстаздары - 32, техникалық персонал - 14.

Жыл	Ұстаздар	Оның ішінде						
		жоғары педагогикалық білім	жоғары кәсіби білім	ғылыми дәреже		біліктілік санаттары		
				ғылым кандидаты	магистр	жоғары	бірінші	екінші
2012	33	28	3	1	3	8	8	4
2013	32	21	3	1	3	8	8	4
2014	32	23	5	1	3	9	3	7
2015	32	25	5	1	3	11	2	7

3. БЖЭТО ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ

3.1. БЖЭТО ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТІ

Білім беру ұйымы қызметінің құрылымында маңызды құрамдас бөлігі әдістемелік бөлімінің қызметі болып табылады.

БЖЭТО әдістемелік қызметі ұжымның кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында келесі басым бағыттары бойынша іске асырады:

-оқу-әдістемелік жұмысы (әдістемелік кеңесі, экология, туризм, өлкетану бағыттары бойынша әдістемелік бірлестіктері, жас маман мектебінің жұмысы);

-кеңес беру-әдістемелік жұмысы;

-нұсқаулы-бұқаралық жұмысы;

-ақпараттық-әдістемелік жұмысы;

-ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмысы;

-ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыру.

БЖЭТО әдістемелік қызметі өз жұмысын ұйымдастыруда әрекет ететін мемлекеттік нормативтік-құқықтық базасы, қосымша білім беру ұйымдарының қызметін реттемелеуші нормативтік-құқықтық құжаттары, БЖЭТО Жарғысы және жылдық жұмыс жоспарын басшылыққа алады.

БЖЭТО «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру

ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызмет стандартын жүзеге асыра, келесі бағдарламаларды құрастырып мақұлдады:

- «2007-2010 жж. қосымша білім беру жүйесінде оқушыларға үздіксіз экологиялық тәрбие және білім беру»;

- «2011-2015 жж. құзыреттілік тәсілдемесі БЖЭТО оқушыларының кәсіби тұрғыда өздігінен анықталуының құралы ретінде».

Осыған сәйкес әдістемелік қызметі тарапынан «2011-2015 жж. БЖЭТО оқыту кеңістігінде құзыреттілік тәсілдемесін жүзеге асыру бойынша нұсқаулы-әдістемелік қызметі» бағдарламасы құрастырылып енгізілді, оның негізгі мақсаты ұстаздардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған оқу-әдістемелік кешенін құру болды.

2014 жылы осы бағдарлама «Әдістемелік вернисаж» жыл сайынғы республикалық оқу-әдістемелік материалдары байқауының «ҚБҰ әдістемелік қызметінің жұмысын бейнелейтін материалдар» аталымында III дәрежелі дипломын иемденіп, жүлдегер атанды.

Әдістемелік бөлімі тарапынан оқыту үдерісі іске асырылуының тиімділігін анықтау мақсатында мониторингтік бақылау бағдарламасы құрастырылып енгізілді, оның негізгі мақсаты - қосымша білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуы, оқушылардың тұлғалық жетістіктері мен ұстаздың кәсіби құзыреттілігі нәтижелілігін айқындау арқылы қосымша білім берудің сапасын бағалау болды.

БЖЭТО оқыту кеңістігінің мониторингтік бақылау бағдарламасы қамтиды:

1. Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерінің мониторингісі (теориялық дайындығы, тәжірибелік дайындығы, негізгі жалпы оқу құзыреттіліктері);

2. Оқушылар тұлғасының қасиеттері дамуының мониторингісі;

3. Оқушылар жетістіктерінің мониторингісі;

4. Ұстаздың кәсіби тұрғыда өсуінің мониторингісі.

Ұстаз диагностикалық картаға (1 кесте) оқушылар туралы мәліметтерді еңгізумен қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерінің мониторингісін оқу жылы барысында екі рет өткізеді (желтоқсан, сәуір-мамыр).



Оқушылардың қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері мониторингісінің
диагностикалық картасы«Әлем» балалар бірлестігі «Туған өлке экономикасы» қосымша білім беру бағдарламасы
3 оқыту жылы №1 топ Ұстаз О.Н.Бовина 2014-2015 оқу жылы

Оқушының аты, тегі	1. Максим Кашемиров		2. Даляя Мадьярова		3. Кристина Генинг		4. Арина Иванова	
Диагностика мерзімдері								
Көрсеткіштер	I-ші жартыжылдық ыстық аяғы	Оқу жылының аяғы	I-ші жартыжылдық ыстық аяғы	Оқу жылының аяғы	I-ші жартыжылдық ыстық аяғы	Оқу жылының аяғы	I-ші жартыжылдық ыстық аяғы	Оқу жылының аяғы
Теориялық дайындығы								
Бағдарламаның мазмұнымен қарастырылған теориялық білімдер	2	3	1	2	2	3	3	3
Арнайы ұғымдар жиынтығын меңгеру	2	3	1	2	2	3	3	3
Тәжірибелік дайындығы								
Бағдарламаның мазмұнымен қарастырылған тәжірибелік біліктері мен дағдылары	2	3	1	2	2	3	2	3
Арнайы құрал-жабдықты меңгеру	2	3	1	2	2	3	2	3
Шығармашылық дағдылары	1	2	1	2	2	3	2	3
Негізгі жалпы оқу қузыреттіліктері								
Оқу-зияткерлік								
Арнайы әдебиетті іріктеп талдай білу	1	2	1	2	1	2	1	2
Ақпараттың компьютерлік қайнаркөздерін пайдалана білу	2	3	2	3	2	3	2	3
Оқу-зерттеу қызметін жүзеге асыру	1	2	1	2	1	2	1	2
Коммуникативтік								
Ұстазды есту және тыңдай, айналадағылардың пікірін қабылдай білу	3	3	3	3	3	3	3	3
Аудитория алдында сөз сөйлеу	3	3	2	2	2	2	2	2
Пікірталасқа қатысып, өз ой-пікірін қорғай білу	3	3	2	3	2	3	2	3
Ұйымдастырушылық								
Өз жұмыс (оқу) орнын ұйымдастыра білу	3	3	3	3	3	3	3	3
Жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру, оқу уақытын үлестіре білу	2	3	2	2	2	3	2	2
Жұмысты ұқыпты жауапкершілікпен орындау	3	3	2	3	2	3	2	3
Қызмет үдерісі барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін ұстану	3	3	3	3	3	3	3	3
Оқушылардың жетістіктері								
Оқушының № (кестенің бас бөлігі)								
Балалар бірлестігі дәрежесінде	БЖЭТО жылдық жұмыс жоспарына сәйкес іс-шараларға қатысу							
Қосымша білім беру ұйымының дәрежесінде		1 орын «Менің Отаным - Қазақстан» ҒТК		Аталым «Менің Отаным - Қазақстан» ҒТК				3 орын «Менің Отаным - Қазақстан» ҒТК
Қалалық дәреже								«Зерде» байқауы
Облыстық, республикалық, халықаралық дәрежелерінде		3 орын «XIV-ші Сатпаев оқулары» ҒТК						

Оқушының қосымша білім беру бағдарламасы бойынша білім алу нәтижелерін анықтау бағаланатын қасиеттің қалыптасу деңгейі, өлшемдері мен көрсеткіштері, мүмкін ұпайлар саны мен диагностика әдістерін қамтитын нұсқаулық кестесіне сәйкес өткізіледі (3 қосымша, 1, 2 кесте).

Көрсеткіштердің қалыптасу дәрежесі 0-н бастап 3 ұпайға дейін ұпайлық жүйесі негізінде бағаланады:

0 ұпай - бағаланатын қасиет қалыптаспаған немесе оқушы тарапынан байқалмайды;

1 ұпай - бағаланатын қасиет $\frac{1}{2}$ немесе одан кем көлемінде;

2 ұпай - бағаланатын қасиет $\frac{1}{2}$ астам көлемінде;

3 ұпай - бағаланатын қасиет толығымен қалыптасқан.

Оқыту үдерісі сапасы маңызды көрсеткіштерінің бірі оқушылардың жетістіктері болып табылады.

Оқушылар жетістіктерінің мониторингісі диагностикалық картасы негізінде жүргізіліп (1 кесте), балалар бірлестігі қызметінің бағыты бойынша әрбір оқушының белгілі бір салада, тұтас алғанда оқыту үдерісінің жүзеге асу нәтижелілігін көрнекі тұрғыда бағалауға мүмкіндік беретін әралуан дәрежелі жетістіктерді еңгізеді.

Қорытынды аттестаттау туралы Ережесіне сәйкес Орталықтың балалар бірлестіктерінде оқушылардың аралық және қорытынды аттестаттауы өткізіліп, тиісті құжаттама ресімделеді (аттестаттау кестелері, хаттамалар, «Қосымша білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері мониторингісі» әдістемесі, М.И.Шилованың оқушылардың тәрбиелілігін зерттеу әдісі негізінде құрастырылған «Тәрбиеленуші тұлғасының қасиеттерін зерттеу» әдістемесі бойынша нәтижелерді бағалау өлшемдері).

Қосымша білім беру жүйесі қызметі заманауи талаптарға сәйкес келетін және көп функционалды болып табылатын жоғары білікті, құзыретті ұстаздың қатысуынсыз елестетілмейді. Оқыту үдерісінің сапасы ұстаздың жеке тұлғалық қасиеттері мен кәсібилік дәрежесіне тәуелді болып келеді.

Осы білім беру сапасын мониторингілеу жүйесі уақытында оқу-тәрбие үдерісінің мәселелік аумақтарын анықтап, оқыту үдерісі барша субъектілерінің қызметін жоспарлау және үйлестіру барысында есепке алуға мүмкіндік береді.

Ұстаздар кәсіби шеберлігі үздіксіз өсуінің қамтамасыз етілуіне әдістемелік қызметі құрастырған іс-шаралар жүйесі жағдай жасайды:

- педагогикалық үдерісін әдістемелік тұрғыда сүйемелдеу;
- қызмет бағыттары бойынша ашық оқу сабақтары мен шаралар және шеберлік сыныптарын өткізу;
- әртүрлі дәрежелі семинарлар, ғылыми-тәжірибелік конференциялары мен педагогикалық шеберлік байқауларына қатысу;
- ұстаздардың өздігінен білімін жетілдіруі бойынша жұмысы;
- біліктілік арттыру курстарынан өту;
- қосымша білім беру ұстаздарының аттестаттауы.

БЖЭТО балалар бірлестіктеріндегі оқыту үдерісі қызмет бағыттарына сәйкес авторлық, бейімделген және шамалы білім беру бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда авторлық бағдарламалары бойынша - 16 ұстаз, бейімделген бағдарламалары бойынша - 10, шамалы бағдарламалары бойынша - 6 ұстаз қызмет атқарады.

Кәсіби шеберлікті арттырудың тиімді үлгілерінің бірі



- әр ұстаздың өз әлеуетін ашып көрсетуі, өз тәжірибесімен алмасып, әріптестерінің құзыретті пікірін алуға мүмкіндік беретін ашық оқу сабақтары мен шараларды өткізу болып келеді.

Осы шаралардың жоғары бағалануы облыстық және қалалық дәрежеде шеберлік-сыныптарының өткізілуін негіздеді:


-экология бағыты бойынша - «Жеміс-жидек дақылдарын ұластыру» (С.М.Боровикина), «Мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскелерінің ландшафты әрленімі» (Б.К.Текенова);

-туризм бағыты бойынша - «Мен жорыққа шығамын» (О.В.Дьяченко), «Түйіншек байланды» (И.В.Ридзаускене);

-өлкетану бағыты бойынша - «Әр мектепке - мұражай» (И.А.Ефимова), «Карта нүктесі - Павлодар облысы» (А.Т.Махамбетова).

Кәсіби құзыреттілігін арттырудың маңызды сатысы әралуан дәрежелі семинарлары, ғылыми-тәжірибелік конференциялары мен педагогикалық шеберлік байқауларына қатысу болып табылады.

Ұстаздардың кәсіби біліктілігін арттыру мониторингісі



Орталық ұстаздары өздігінен білімін жетілдіру тақырыптары негізінде белсенді жұмыс жүргізіп, қызмет бағыттары бойынша әдістемелік нұсқауларында тәжірибесін жалпылау арқылы өз біліктілігін үздіксіз тұрғыда жоғарлатады: «Фенологиялық бақылауларды ұйымдастыру арқылы экологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру», «Карта нүктесі - Павлодар облысы» зияткерлік-танымдық ойын-саяхаты», «Туристік жарыстарды ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар», т.б.

Жыл сайын БЖЭТО ұстаздары жоспарлы сәйкестік нысанына байланысты аттестаттау процедурасынан өтеді, нәтижесінде ұстаздар санаттылығының дәрежесі едәуір арта түседі.

Әдістемелік бөлімі аймақтық, қалалық және Орталық дәрежелерінде экологиялық, туристік және өлкетану конференциялары, байқаулар, жарыстар, слеттар, акциялар, фестивалдер мен тәжірибелерді ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар мен жинақтар, жолсілтемелері мен ережелерді құрастырды:

- «Менің Отаным - Қазақстан» аймақтық оқушылар ғылыми-тәжірибелік

конференциясы;

- облыстық мектеп мұражайлары жас экскурсия жүргізушілерінің байқауы;
- «Алтын күз» оқушылардың ашық экотуристік жарыстары;
- Кольцовтардың естелігіне арналған жүгіру арқылы спорттық бағдарлау бойынша ашық жарыстары;
- «Болашақ зияткер» қалалық турнирі;
- «Қош келдің, құстар елі!», «Жасыл толқын» қалалық акциялары;
- «Ұмытылмас қаһармандар!» қалалық шығармашылық байқауы;
- «Баршаға үлгі болатын есімдер!» қалалық байқауы;
- «Ауыл, аудан, қала жылнамасы» экологиялық-өлкетану тәжірибесінің қорытындылары бойынша шығармашылық есебі;
- Жеңіс Күніне арналған туристік көпсайыс бойынша қала біріншілігі;
- «Ертіс сыңғыры» бард әнінің қалалық фестивалі, т.б.

Қызметтің жоғары тиімділігіне Орталықтың оқу-әдістемелік кешені мен көкейкесті әдебиеті, ғылыми, оқыту және баспа басылымдары бар тиісті кітапхананың болуы өз септігін тигізеді. Қажетті техникалық жабдықталуы мен интернет-қорларының қолжетімділігі ұстаздар қызметінің мүмкіндіктерін біршама кеңейтеді.

Ұстаздар жыл сайын «Үздік қосымша білім беру ұстазы» педагогикалық шеберлік байқауына қатысып, қала және облыс дәрежелерінде Орталықтың намысын қорғай білді:

- «Үздік қосымша білім беру ұстазы-2011» облыстық байқауының жүлдегері (3 орын, А.Т.Махамбетова);
- «Үздік қосымша білім беру ұстазы-2011» қалалық байқауының жеңімпазы (1 орын, А.Т.Махамбетова);
- «Ең таңдаулы қосымша білім беру ұстазы-2016» қалалық байқауының жүлдегері (1 орын, А.А.Касенова);
- «Электронды кейс» тәрбие қызметінің әдістемелік кешендері қалалық байқауының жүлдегері (бұқаралық бөлімінің меңгерушісі В.Н.Шорохова);
- II республикалық оқуларының қалалық және облыстық турларының жеңімпазы (1 орын, И.А.Ефимова);
- «Заманауи сабақ» аймақтық байқауының жеңімпаздары (1 орын, Б.К.Текенова, С.М.Боровикина, И.В.Болдишор).

Орталық қосымша білім беру ұйымдарының әртүрлі байқауларына қатысып, жетістіктер жинағын толықтырып отырады:


- «Үздік қосымша білім беру ұйымы - 2014» облыстық байқауының II дәрежелі дипломы;
- «Мен - кәсіподақ көшбасшысымын!» облыстық байқауының II дәрежелі дипломы (Н.Г.Москова);
- «Үздік педагогикалық ұжымы - 2014» әлеуметтік серіктестігі көлемінде кәсіподақ ұйымдары қалалық байқауының Құрмет грамотасы (1 орын);
- «Жаз - 2011» облыстық байқауының «Үздік қосымша білім беру ұйымы» аталымында, «Жаз - 2011», «Жаз - 2012», «Жаз - 2013», «Жаз - 2014», «Жаз - 2015» қалалық байқауында I дәрежелі дипломдары.

3.2. БЖЭТО ОҚЫТУ КЕҢІСТІГІ

Бүгінгі таңда балаларға қосымша білім беру заманауи қоғамда қалыптасқан оқыту кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

Ашықтық, жұмылғыштық пен икемділікке ие қосымша білім беру жүйесі баланың, оның отбасы, қоғам мен мемлекеттің мүддесіне қарай «заманның сын-тегеуріндеріне» жылдам және нақты жауап қайтаруға қабілетті болып келеді.

ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒЫТТАРЫ




БЖЭТО қосымша білім беру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыра отыра өз қызметін «экология», «туризм», «өлкетану» үш негізгі көкейкесті бағыттары бойынша атқарады.

Білім беру ұйымдарының қосымша білім берумен қамтылу мониторингісі

Бос уақыт әлеуетіне негізделінген БЖЭТО оқу-тәрбие үдерісі 1044 оқушылардың қамтылуымен мемлекеттік және орыс оқыту тілдерінде 32 балалар бірлестіктерінде жүзеге асырылады.

Білім беру нәтижелеріне қатысты мемлекет тапсырысының өзгеруімен



байланысты, бірінші орынға оқушының хабардарлығы емес, қоршаған болмыстың үнемі өзгеріп отыратын әлеуметтік-экономикалық жағдайында мәселелерді шеше білуі шығарылып, білімдіктен құзыреттілік оқытуға көшу өзекті болып отыр.



Осыған орай БЖЭТО оқыту кеңістігін ұйымдастыруға қатысты тәсілдемелер қайта қарастырылды.

2011-2012 оқу жылынан бастап құзыреттілік негізінде ұжым қызметінің тұжырымдамасын мақұлдау бойынша жұмыс жүргізілді. Оқушылардың жалпы

құзыреттіліктері дамуының дидактикалық үлгісі қайта құрылып, оның басым құрамдас бөліктері мен құрылымы анықталды және білім беру бағдарламаларының мазмұны қайта қарастырылды.

Орталықтағы оқыту үдерісінің даму жолы жаңа сипатқа ие болды: оқушылардың жалпы және негізгі құзыреттіліктерінің дамуы мақсатында жағдай жасау.

Осы үлгінің еңгізілуі өз дарындылығы мен қабілеттерін толық мөлшерде іске асыру мақсатында оқушылар үшін «табыс жағдаятын» қалыптастыруға бағытталған.

БЖЭТО қызметінің сапалы жаңартылуы мақсатында құзыреттілік негізінде қызмет Тұжырымдамасы құрастырылып, оны жүзеге асыру бағыттары анықталды: басқарушылық және ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарды еңгізу, Орталық қызметінің бағыттарына сәйкес ұстаздар жұмысы міндеттері мен мазмұнының жаңартылуы. Оқыту үдерісіне мақұлданып еңгізілді:

- 2011-2015 жж. құзыреттілік негізінде БЖЭТО қызметінің бағдарламасы;
- 2011-2015 жж. БЖЭТО оқыту кеңістігінде құзыреттілік тәсілдемесін іске асыру бойынша нұсқаулы-әдістемелік қызметінің бағдарламасы;
- құзыреттілік негізінде Орталық ұстаздарымен құрастырылып, Павлодар облысы ПК БАИ пікірі сарапталған білім беру бағдарламалары (2 қосымша);
- мониторингілік бақылау бағдарламасы (3 қосымша).

Ұстаздар тарапынан өздігінен білімін жетілдіру бойынша зерттеу сипатына ие көкейкесті тақырыптары, қызмет бағыттарына сәйкес балалар бірлестіктерінде құзыреттілік тәсілдемесін іске асыру бойынша әдістемелік нұсқаулары анықталды (4 қосымша).



3.3. ЭКОЛОГИЯ БАҒЫТЫ

Экологиялық білім берудің негізгі мақсаты - ұзақмерзімді тұрақты даму мүмкіндігін қамтамасыз ететін қоғамның қоршаған ортамен өзара қатынасын үйлестіруге бағытталған жаңа көзқарас пен заманауи ойлауды қалыптастыру болып табылады.

Экологиялық бағыттағы БЖЭТО қызметі «Экология» бөлімі, экологиялық-ботаникалық кешені, питомник және жылыжай жұмысы арқылы іске асырылады.

«Экология» бөлімінің құрамына келесі бағыттар бойынша 12 балалар бірлестіктері енеді: фенология, сәндік-қолданбалы шығармашылығы, оқушылар ғылыми қоғамы, бақшатану, экология.


Бөлім қызметінің негізін «Фенология», «ОҒК көлемінде зерттеу қызметін ұйымдастыру», «Гүл өсіру және ландшафты әрленім», «Біз және бақша», «Бақшалар әлемі», т.б. оқыту бағдарламалары мен «Күпиялы және танымал әлем» және «Жаз - ғажайып маусым» кешенді жобаларын жүзеге асыру, сонымен қатар бұқаралық

экологиялық және табиғатты қорғау, ғылыми-тәжірибелік пен шығармашылық іс-шаралары - еңбек десанттары, акциялар, байқаулар мен конференцияларды өткізу құрайды.

Оқушылар бақшатану және сәндік жемістану, гүл өсіру мен ландшафты әрленімнің негіздерін тропик өсімдіктері бар жылыжай, ағаш-бұта және жеміс-жидек дақылдарының питомнигі, бақша, гүлзарлар мен саяжолдарды қамтитын 3,5 гектар алаңымен экологиялық-ботаникалық кешені аумағында үйренеді.

Орталық негізінде 150 м² алаңымен бөлме және экзотикалық өсімдіктерінің екі жүзге жуық түрлерін қамтитын жылыжай қызмет атқарады.

Жыл сайын жылыжай негізінде тек Орталық балалар бірлестіктерінің оқушыларына ғана емес, сонымен қатар қалалық мектепке дейінгі, мектеп білім беру ұйымдарының оқушылары, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған мыңнан астам шолу және тақырыптық экскурсиялары



өткізіледі.

Осы экскурсиялардың маңыздылығы бұрыннан белгілі өсімдік туралы жаңа мен ғажайып мәліметтерді танып білу мүмкіндігі болып табылады, әсіресе жылыжай «тұрғынының» атауы, шығу-тегі, қоныстануы мен қолданылуымен байланысты аңыздар өте қызықты және танымдық болып келеді.

15 жылдан астам «Жас зерттеуші» оқушылар ғылыми қоғамы өз жұмысын атқарып келеді. ОҒҚ - бұл «Интродукция биотүрлілікті сақтаудың факторы ретінде», «Жасыл экономика», «Пластик қалдықтарының қайта өңделуі», «Таңқурай сұрыптарын зерттеу», т.б. көкейкесті тақырыптар бойынша ғылыми-зерттеу, тәжірибелік пен жобалық жұмысын жүргізетін зерттеу және эксперименталды топтары, «Біз және экология» облыстық сырттай экологиялық мектебінің жұмысы.

ОҒҚ оқушылары - әртүрлі дәрежелі экологиялық олимпиадалары, форумдар мен ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Көптеген балалар үшін зерттеу қызметі сәре кәсіби сатысына айналды.

15 жылдан астам БЖЭТО оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, туған өлкені тәжірибелік тұрғыда танып білу, қоршаған табиғат, тарих және мәдениет ескерткіштерімен танысуы мақсатында «Менің Отаным - Қазақстан» дәстүрлі аймақтық оқушылар ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізеді.

Жыл сайын жалпы орта білім беру мектептері, мектептен тыс мекемелерінің клубтары, секциялары, зерттеу топтары мен басқа балалар бірлестіктерінің 100 астам оқушылары «Біз және экология», «Зерттеу жұмысы», «Өз өлкеңді танып біл», «Тарих бесігі – мұражай», «Ғылымға бастапқы қадам» секцияларында өз ғылыми жұмысының тәжірибесімен бөліседі.

Аймақтың экологиялық бағыттылығындағы қосымша білім беру қорларының бірі ретінде БЖЭТО қала мектептері мен Орталық балалар бірлестіктерінің оқушылары үшін «Жасыл толқын», «Қош келдің, құстар елі!»



қалалық акцияларын өткізудің үйлестірушісі, «Тіршілік ет, шырша!», «Қыста құстарды қоректендір», «Мейірімді қыс», «Қанатты достар» акциялары, экологиялық мерекелерді атап өтуге арналған «Жер Күні», «Су Күні», «Халықаралық биологиялық түрлілілік Күні», «Қоршаған ортаны қорғау Күні» сияқты іс-шаралардың ұйымдастырушысы болып келеді.

Кәсіби біліктілікті арттыру және тәжірибе алмасуы мақсатында жалпы орта білім беру мектептерінің мұғалімдері мен қосымша білім беру ұстаздарына арналған курстар, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен шеберлік сыныптары өткізіледі: республикалық қосымша білім беру орталығымен бірлесе - «Экологиялық-биологиялық бағыттағы қосымша білім беру ұйымдарында негізгі құзыреттіліктерді тиімді қалыптастырудың заманауи технологиялары» қосымша білім беру ұстаздарының курстары; мектептен тыс мекемелерінің қосымша білім беру ұстаздары мен қалалық мектептерінің аға тәлімгерлеріне арналған «Қосымша білім беру жүйесінде экологиялық мәдениетті қалыптастыру» облыстық оқу-әдістемелік семинары; «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Павлодар облысы бойынша ПҚ БАИ» бірлесе - Қазақстан Республикасы химия және биология мұғалімдерінің І-ші съезіне арналған шаралары көлемінде «Жаратылыстану ғылыми білім берудің экологиялық мәселелері» дөңгелек үстелі.

Бөлім ұстазы Н.Я.Жукова жыл сайын мектепке дейінгі, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарына арналып өткізілетін қалалық және облыстық семинарлары негізделінген «Мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскесі негізінде жұмыстың ұйымдастырылуы» (Павлодар облысы ПҚ БАИ пікірі, 2012 ж.) әдістемелік нұсқауларын құрастырды.

Жыл сайын бөлім ұстаздары Н.Я.Жукова, Б.К.Текенова, С.М.Боровикина құзыретті әділ қазылары ретінде «Үздік мектеп жанындағы оқу-тәжірибелік учаскесі» байқауы қалалық және облыстық сатыларының көлемінде іргелес аумақтарды көгалдандыру және көріктендіру бойынша білім беру ұйымдарының жұмысын бағалайды.

Орта және қосымша білім берудің бірлесуі мақсатында БЖЭТО ұстаздары жалпы орта білім беру мектептерінің оқушыларына арналған «ОҒҚ көлемінде оқушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыру», «Қоршаған ортаның экологиялық мониторингісі», «Фенологиялық бақылауларды ұйымдастыру», «Флористика», «Ландшафты әрленім» элективтік курстары жүргізіледі.

«Павлодар облысының дәрілік өсімдіктерін өсіру және қолдану», «Ғажайып бөлме өсімдіктері», «Жылыжай бойынша жолсілтемесі», «Сәндік безендіру және гүл дақылдарынан бұйымдар жасау», «Бөлме өсімдіктерін күтудің агротехникалық тәсілдері» бөлім ұстаздары құрастырған әдістемелік құралдары мен нұсқаулары тек Орталық жас ұстаздары ғана емес, сонымен қатар тәжірибелі ұстаздар, жалпы орта білім беру мектептері жылыжайларының қызметкерлері және әуесқой гүл өсірушілері үшін үстел кітабына айналды.

Бірлесу өзара әрекеттестігінің тиімді үлгісі экологиялық лекторийлері болып табылады. БЖЭТО әдіскерлері мен ұстаздары С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық әмбебап ғылыми кітапханасымен бірлесе бірқатар жылдар

бойы «Экологиялық жағдаяттарды шешу», «Қажетсіз заттардың қайтара өмірі», «Тіршілік көзі - су», т.б. көкейкесті тақырыптары бойынша қалалық жалпы орта білім беру мектептерінің оқушылары, колледждер мен ЖОО-ң студенттеріне арналған экологиялық лекторийлерді жүргізеді.

Ұстаздар өз қызметінің тәжірибесін конференция материалдары мен баспа басылымдарында жарыққа шығарады: халықаралық конференцияларының материалдары, «Экоәлем» республикалық журналы, «Звезда Прииртышья», «Наша жизнь», «Сенің әлемің» облыстық газеттері, «Қазақстан-Павлодар», «Ирбис», «24-kz» телеарналары.

Орталық әлеуметтік серіктестігі көлемінде барша үлгідегі білім беру ұйымдарына ақысыз сәндік ағаш-бұта өсімдіктері, жеміс-жидек дақылдары, гүл дақылдары мен бөлме өсімдіктерінің көшеттерін бөлуі негізінде көгалдандыру және көріктендіру бойынша белсенді қоғамдық қызметін атқарады.

Жыл сайын 15 000 астам сәндік ағаш-бұта өсімдіктері мен жеміс-жидек дақылдары, 5 000 гүл дақылдары мен бөлме өсімдіктерінің көшеттері қалалық мектепке дейінгі мекемелері, жалпы орта білім беру мектептері, балалар үйлері, интернаттар, колледждер мен ЖОО көгалдандыруы мақсатында беріледі.

«Саябақтар шеруі» және «Жасыл толқын» акциялары көлемінде БЖЭТО балалар бірлестіктерінің оқушылары қаланың саябақтарын көріктендіру бойынша жұмысын жүргізеді.

Орталық экологиялық-ботаникалық кешені бөлімінің меңгерушісі С.М.Боровикина құзыретті агроном ретінде Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы тұсындағы экологиялық кеңесінің мүшесі болып, қаланың жасыл қорының түрлік құрамы мен санитарлық ахуалы бойынша белсенді кеңес беру жұмысын іске асырады.



3.4. ТУРИЗМ БАҒЫТЫ

«Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы өскелең ұрпаққа тәрбие берудің маңызды мәселелерін бейнелеп, оқыту үдерісі барысындағы тәрбие құрамдас бөлігінің күшеюіне ерекше назар аудартты. Қазақстандық отансүйгіштігі дамуының негізін Қазақстан Республикасы Президентінің «Мәңгілік ел» идеясын қабылдау құрады.

Оқушыларға қосымша білім беру қорларының бірі ретінде туристік-өлкетану қызметі тәжірибелік қызметі барысында негізгі және қосымша білім берудің органикалық үйлесуін қамтамасыз етеді, әлеуметтік ортаның мүкіндіктерін кеңейте түседі, мұнда оқушы өз әлеуеттік қабілеттерін дамытып жүзеге асырады, пайдалы өмірлік тәжірибені меңгеріп, заманауи әлеуметтік-экономикалық шарттарына бейімделеді, тәжірибелік-бағдарланған білім, білік пен дағдыларының игерілуіне жағдай жасалып, сауықтыру нәтижесіне ие болады.


Бүгінгі таңда БЖЭТО көпжылдық қызметі барысында аймақтың білім беру ұйымдарында туристік-өлкетану жұмысы дамуының стратегиясын іске асыратын алдыңғы қатарлы қосымша білім беру ұйымдарының бірі болып табылады.

Фенологиялық үйірме жұмысының негізіне белгілі бір ретте бір-біріне ілесуге тиісті және жыл мезгілдерімен байланысты болуы яғни, табиғаттың белгілі бір қайталанатын даму кезеңдерін сипаттайтын фенологиялық бақылаулар бағдарламасы тиісті болуы қажет. Аталмыш бағдарлама өңірлік табиғат ерекшеліктерін есепке алумен және оқушылардың орындай алу мүмкіндігін ескере отырып құрылуы қажет.

Гидрометеорологиялық құбылыстарға бақылау жүргізу

Гидрометеорологиялық құбылыстардан мектеп фенологиялық үйірмесінің бағдарламасына маусымдық құбылыстарды көзбен шолып анықтауға оңай берілетін шамалы санын ғана енгізу қажет. Қосымша көктемгі мезгілде 0, +5 және +10 °С арқылы ауаның орташа тәуліктік температурасының тұрақты ауысқан күнін белгілеу ұсынылады, ал жазғы-күзгі мезгілдерде +10, +5, 0, -5 °С арқылы.

Сонымен қатар, топырақтың 2-3 см тереңдікке және күректің тереңдікке (20-25 см) жібу күндерін де белгілеп алған дұрыс. Ең маңыздысы, өз жазба кітапшаңызға әрбір шығу сайын жалпы ахуал-күйді белгілеп отыру. Сондай-ақ, бақылаулар жүргізілген аумақтың атауын да көрсетіп қою қажет.

Алғашқы қар еріп ашылған жердің пайда болуы.

Жаппай қар жамылғысының жоғалуы.

Егістіктерді қардан толық босату.

Орманда қардың жоғалуы.

Көктемде қар жамылғысының қайта басталуы.

Көктемде соңғы және күзде бірінші қатқақтың болуы.

Қар жамылғысының алғашқы пайда болуы.

Тұрақты қар жамылғысының пайда болуы.

Мұз пайда болуы.

Өзендерде мұздың жылжуы.

Өзендерде мұздың жарылуы.

Ағынсыз су қоймаларында мұз қабатының жоғалуы.

«Май» пайда болуы. Күзде мұз қатар алдында өзенде жүзіп жүретін өте жұқа

мұздар пайда болады, сыртқы түрі «майға» ұқсаған.

«Қабыршақ мұз» немесе «қиыршық қар». Күзгі мол қар жауы салдарынан кейде «маймен» бірге пайда болатын құбылыс.

Мұз шеттері. өзеннің шет жағасын көмкеретін жіңішке мұздар.

Мұзқатқы.

Табиғаттың қауіпті құбылыстары. Мұндай құбылыстарға: бұршақ соққылар; найзағай және олардың салдары - өрт, тоқ және байланыс желілерін зақымдау, ағаштарды жару; дауыл құлатушылар; көктайғақ; жазғы жаңбыр тасқыны; көктемгі сел; боран; құйын жатады.

Өсімдіктерге бақылау жүргізу

Егер бұл фазаның белгілері жекелеген бұтақтарда табылса да, өсімдіктер сол немесе басқа даму фазасына түскен болып саналады. Әрбір фазаның басталуын оған 10% өсімдіктің сол немесе басқа түрі (егер топ шоғыры көп болса) немесе кем дегенде 2-3 дарасы енгенде атап белгілеу керек. Егер бақылау бір өсімдікке ғана жүргізілсе, фазаның басталуын 10%-ға дейін гүлдер немесе жапырақтар жайылғанда белгілейді. Шөпті өсімдіктерді бақылау кезінде, фазаның басталуын күндіз белгілейді, ол уақытта сол өсімдік түрінің 10%-ы бақылау үшін таңдалған бағдарға немесе алаңқайға (алаңқайда барлық даналары есептеледі, бағдарда -100 ден кем емес) түседі. Фазаның жаппай басталуын оған 50% -дан кем емес өсімдік (немесе жалғыз ағашта 50% гүлдер мен жапырақтар жайылғанда) түскенде белгілейді.

Ағаштар мен тал-бұталарға көктемдік бақылауды ауа температурасы күндізгі уақыттарда көлеңкеде +5 °С жақындағанда бастау қажет. Ағаштардың жеке түрлерінде яғни, көктемде күшейетін *шырынның жылжуы* басталады, демек мұндай күндерде ағаш шырыны қозғалысының басталуын бақылай алуға болады. Ол үшін бақыланатын түрдің (үйеңкі, қайың) бірнеше типтік даналардың оң жағынан кеуде биіктігінде инемен немесе бізбен діңгекті тесіп шығу қажет. Діңгектерді тереңдетіп кесуге болмайды, себебі осы жайтта пайда болатын мол шырынның ағуы ағаштарды әлсіретеді.

Шырынның жылжуы басталуын - жарадан шырынның пайда болуы бойынша белгілейді.

Ағаш *бүршіктерінің ісіну* белгісі - бүршік қабыршақтарында олардың өсуі нәтижесінде ақшыл жолақтар, бұрыштар немесе дақтар пайда болады.

Бүршіктердің ашылуы деп - қабыршақтар арасында жапырақтардың ұшы пайда болуын атайды. Гүлді бүршіктерде бөлінген қабыршақтар арасында әдетте гүл қауыздарының басы көрініп тұрады.

Алғашқы жапырақтардың өрістету фазасы - жапырақ бүршіктері ашылғанда, жапырақшалары жазыла бастағанда, бірақ жапырақты жолақшалары әлі қыртысын жазбағанда басталады.

Гүлдеу - бұл өсімдіктер әлеміндегі ең маңызды сәттердің бірі. Желмен тозаңданатын өсімдіктерде *гүлдеудің басталуы* сабақтың сілкінуі немесе жел үрлеуі кезінде жарылған тозаңнан тозаңның бүр жаруы болып табылады.

Ағаштар мен бұталарда айқындалған гүлқоршауда гүлдеудің басталуы

көрінеді, гүл тәжі толық ашылған кезде гүлдері пайда болады. Бұршақ тұқымдастарда гүлдеудің басталуын бірінші күлтелерінің (желкен) ашылуы бойынша, ал қызыл бүргендерде - ішкі гүлдеу бөлігінде бірінші ұсақ гүлдердің ашылуы бойынша белгілейді.

Гүлдеудің соңы өсімдіктерде ашылмаған гүл қалмағанда және күлтелері солып түскенде басталады.

Жемістену басталуын анықтау оңайға соқпайды, бірақ бұл фаза өте маңызды, дәл осы жаппай жеміс беру кезеңінде ұрықтар, жеміс-жидектер жиналады. *Жаппай жеміс беруді* жемістер мен тұқымдарды шаруашылық мақсаттар үшін жинау басталғанда белгілейді.

Ағаштар, бұталар мен жидектік жерлердің *гүлдеуі мен жеміс беруін бағалауды* жаппай гүлдену мен жеміс беру кезінде өндіреді, емен, көктерек, терек, тал, жаңғақ ағаштарының өнімділігін тұқымдары мен ұрықтарының түсуі кезінде анықтайды. Қылқан тектілердің өнімін күздің аяғында ағымдағы жылы жетілген тұқымды бүршіктердің саны бойынша бағалайды.

Осындай салыстыруларда В.Г. Каппер шкаласы бойынша жүргізілетін бағалаудың дәлдігі мен дұрыстығы негізделген.

А.Н. Формозов шкаласы бойынша таңқурай, бүлдірген, қаражидек, мүкжидек және т.б. гүлдеу мен жеміс беру қарқындылығын анықтайды. Табиғат күнтізбесінде гүлдеу мен жеміс беру бағалауына айрықша бетті арнайды.

Жапырақтардың бояуына және ағаштар мен бұталардың жапырақтарының қурап түсуіне күзгі бақылаулар өсімдіктердің жеке мүшелеріне емес, бүкіл биік ағаштардың бәріне жүргізіледі.

Жапырақтардың боялу басталуын күз бойынша алғашқы боялған жапырақтардың пайда болуынан санайды.

Толық күзгі бояуды өсімдіктердің барлық жапырақтары толықтай күзгі бояуға енгенде анықтайды.

Күз бойынша боялған алғашқы жапырақтардың түсуі қоңыр күздің басталуымен саналады. Күзде жапырақтарының түсі онша анық емес (бөртегүл, т.б.) ағаш түрлері үшін жапырақтардың түсуін, ағаш астында пайда болған алғашқы түскен жапырақтар бойынша анықтайды. Жапырақтар түсуінің соңғы күні деп ағаштардың басы мен бұталардың толықтай жапырақтан босаған күнін санау керек. Ағаштардың ұшар басындағы аздаған жапырақ бөліктері саналмайды.

Шөпті өсімдіктерді бақылау аса қиындау және көп уақытты талап етеді. Сондықтан оқушыларға арналған бақылаулар бағдарламасына жергілікті қарапайым және аса белгілі түрлердің гүлдеуі басталуына ғана бақылауды еңгізген дұрыс.

Шөпті өсімдіктерді бақылау кезінде жеке өсімдіктердің және оның көпшілігінің (50% аса) гүлдеуі басталуын анықтайды.

Ауыл шаруашылығы өсімдіктері мәдениетін бақылау кезінде негізгі фенологиялық фазаның өту мерзімін белгілейді, сондай-ақ жер жырту басталуын, дәнді дақылдарды егу және оларды жинауды, картопты отырғызу және жинау, шабындықтың басталу мерзімдерін анықтайды.

Отамалы мәдениетті бақылау кезінде қазықшамен немесе заттаңбамен белгіленген бір және сол данада бүкіл өсу кезеңі ішінде есептеулер жүргізіледі.

Алғашқы өскіннің пайда болуы.

Масақталудың басталуы(масақтың немесе шашақгүлдің шашақтануы).

Тұқымдардың жетілуі және жаппай пісуі.

Саңырауқұлақтарды бақылау

Жеуге жарамды саңырауқұлақтардың жеміс беруі белгілі бір реттілікпен бақыланады. Олардың бір түрлері - көктемде, қалған түрлері - жазда, тағы үшінші түрлері - жаздың аяғы мен күздің басында пайда болады. Саңырауқұлақтардың әр түрлерінің жеміс денелері пайда болуы үшін саңырауқұлақтың жіпшумақтары дамиды, топтық бетінің жоғарғы қабаты мен орман төсемі ылғалды болуы керек және оңтайлы температура қажет.

Саңырауқұлақтарды жинау ережесін де назардан тыс қалдырмау керек. Саңырауқұлақтардың жеміс денелері жабық топырақта және саңырауқұлақ жіпшесі мен жіпшумақтарының орман төсемінде дамиды, олардың жіңішке ақ жіпшелері абайлап жинамаса оңай үзіліп кетеді, сондықтан саңырауқұлақты қазып алу дұрыс емес, керісінше топырақ немесе орман төсемінің деңгейінде кесіп алған дұрысырақ. Саңырауқұлақты жерден жұлып, үзіп алу мүлдем қате, себебі ол жерде жеміс денелерінің пайда болуы тоқтап қалады.

Жәндіктерді бақылау

Жәндіктерді фенологиялық зерттеу - олар қоректенетін өсімдіктерді бақылаумен бірге жарыспа жүргізіледі. Егер, мысалы алма ағашының жеміс жегісін бақылайтын болса, бір уақытта алма ағашының да маусымдық дамуын байқайды.

Тікелей тәжірибелік қызығушылық тудыратын кейбір кезеңдік құбылыстар көптеген зиянкес-жәндіктер үшін тән сипатқа ие.

Ересек даралардың пайда болуы.

Жұмыртқа тастауының басталу күнін аталмыш жәндіктің бірінші жұмыртқасын салуы немесе жұмыртқасын тауып алған күнді санау қажет.

Көбелекке айналуының басталуы.

Қалақай көбелек. Көктемде жиі байқалатын орташа өлшемдегі көбелек (қанат құлашы 4-5 см).

Ара.

Ақ көбелек (қырыққабат жейтін).

Саратан немесе шартылдақ қоңыз .

Сары орман құмырсқасы.

Құстарды бақылау

Кез-келген жерге құстардың қоныс тебуі - отырықшы және ұшып келетін түрлерден құралады. Отырықшы құстарға сол жергілікті жерде жыл бойы кездесетін құстар жатады, ал ұшып келетіндерге - бұл жерде жыл мезгілінің белгілі бір уақыттарында ғана пайда болатын құстарды жатқызады. Оқушыларға арналған фенологиялық бақылаулар бағдарламасына ұшып келетін қарапайым

құстардың аздаған санын ғана еңгізген дұрыс, көптеген санын елді мекендер мен ірі қалаларда байқауға болады.

Қанаттылардың ұшып келу және ұшып қайту күндерін белгілеу қажет.

Ұшып келу және ұшып қайтуының басталуы.

Жаппай (небәрі) ұшып келуі немесе ұшып қайтуы.

Сүтқоректілерді бақылау

Көп жерде олар кездейсоқ болады. Сүтқоректілердің тіршілік іздері әлдеқайда жиі байқалады. Жануарлардың өміріндегі сол немесе басқа да маусымдық құбылыстың басталу уақытын тек сол кезеңде олар жүрген учаскені жиі қабылдап тұрумен ғана анықтауға болады.

Күйлеудің басталуын - қарда бірінші жұптық немесе топтық іздер пайда болғанда белгілейді.

Жас даралардың пайда болуын - ұрғашылар төлдерімен (тұяқтылар), ағаш қуысындағы жас аңдар (тиіндер) және інде мекендеуші (түлкі, борсық) бірінші кездесулері бойынша тіркейді.

Ұйқыға кету уақыты - індерін жабумен, жуық маңда іздерінің жоғалуымен анықталады.

Ұйқыдан шығу уақыты - бірінші кездескен аңдар бойынша және ін маңында іздері пайда болуы бойынша анықталады.

Қосмекенділерді бақылау

Бақалардың пайда болуы - күндізгі уақытта бірінші даралардың кездесуінен тіркеледі. Бақалардың бірінші «қос үнін», кешкі уақытта жасыл және көл бақаларының бірінші бақылдағанын естісімен-ақ белгілейді. Уылдырық шашудың басталу белгісі - су қоймаларының бетінде қоймалжың түйіршік уылдырықтың пайда болуы. Сонымен қатар кішкене шақалақ балықтардың бірінші пайда болуын да белгілейді. Қыста бақалардың жоғалуы - су қоймаларының жағасында соңғы кездесуінен кейін тіркеледі.

БҮЛТТҮЛЫҚЖАУЫН

- Ашық аспан
- ◐ Көшпелі бұлт
- Бұлыңғыр күн
- ┌ Шарбы бұлттар
- └ Қабат бұлттар
- ∩ Ұшпа бұлттар

ШАШЫН

- Жаңбыр
- ▲ Бұршақ
- △ Қиыршық қар
- ≡ Тұман
- * Қар
- ⊖ Шанды дауыл
- ◊ Нөсер
- ◄ Жаңбыр бұршақ аралас
- ’ Сіркіреме жаңбыр
- ∩ Шық
- S Шаң құйын
- = Бұлдыр

АТМОСФЕРАДА СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН ҚҰБЫЛЫСТАР

- ⊕ Күн төңірегіндегі шеңбер
- ⊖ Кемпірқосак
- ⊖ Күн төңірегіндегі баған
- ⊖ Ай төңірегіндегі шеңбер

Фенология белгісі немесе шартты белгілер:

1 кесте. Ауа-райын бақылау нәтижелерін белгілеу

Күні	Ауа температурасы	Желдің күші мен бағыты	Бұлттылық	Жауын-шашын түрлері
------	-------------------	------------------------	-----------	---------------------

Бақылау нәтижелерін өңдеу

1 айға температура өзгеру кестесін құру

2 кесте. Желдің бағытын және бұлттылығын салыстыру

Желдің бағыты және осы бағыттағы күндер саны												
с	сб	сш	о	об	ош	ш	б	шт				
Бұлттылық көрсеткіші	Айлар											
	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII
ашық												
бұлтты												
бұлыңғыр												

1 қосымша

Фенологияның негізгі ұғымдары мен түсініктері

Бақылау нысаны - бұл жануарлар мен өсімдіктер әлемінің нақты түрлері, сонымен қатар жыл бойы кезеңдік өзгерістерге төзетін өлі табиғаттың элементтері, яғни климат элементтері (ауа температурасы, атмосфералық жауын-шашындар), су қоймалары (өзендер, көлдер, тоғандар, теңіздердің жағалары).

Маусымдық құбылыс - бұл бақылау күнінде алдымызда тұратын нысанның күйі. Маусымдық құбылыс нысанның маусымдық жазылып алынған сәті ретінде түсіндіріледі, тек бір күнтізбелік күнмен ғана белгіленеді.

Фенологиялық күн - бұл табиғатты зерттеудің негізгі ақпараттық элементі. Белгіленетін маусымдық құбылыстың нақты күні.

Фенологиялық фаза - бұл нысанды дамытудағы белігілі бір кезең немесе саты.

Фазааралық кезең - бұл нысанды дамытудағы жеке фаза аралығындағы уақыттың ұзақтығы.

Фенологиялық интервал - кез-келген екі маусымдық құбылыстың әр нысанға немесе бір нысанға жататынына қарамастан басталу күндері арасындағы уақыттың аралығы.

Фенологиялық индикатор (индикациялық құбылыс) - сол немесе басқа да құбылыстардың мерзімінің басталу мүмкіндігі көрсеткіші ретінде басталу пайдаланады.

2 қосымша

Маусымдық фенологиялық бақылаулар бағдарламасы _____ ЖЫЛ

P/c №	Фенологиялық құбылыстар	ЖЫЛ
		күні жылы
КӨКТЕМ		
1	Ағаштарға жуық жерде алғашқы қар еріп ашылған жердің пайда болуы	
2	Алаңдарда алғашқы қар еріп ашылған жердің пайда болуы	
3	Соңғы қырау	
4	Көшелердегі сыртқы сулардан алғашқы бұлақ пайда болуы	
5	Алғашқы ұзақтардың ұшып келуі	
6	Будақ бұлттардың пайда болуы	
7	Толық қар жамылғысының жоғалуы	
8	Алғашқы қараторғайлардың ұшып келуі	
9	Ақ көбелектердің пайда болуы	
1	Құмырсқалардың тірілуі	
1	Ертіс өзенінде сең жүруі	
1	Сең жүрудің аяқталуы	
1	Шағанды жапырақты үйеңкіде шырын жылжуы	
1	Қалың қайында шырын жылжуы	
1	Үйеңкі ағашының гүлдеуі басталуы	
1	Қайың ағашының гүлдеуі басталуы	
1	Үйеңкінің алғашқы жапырақтарының өрістетуі	
1	Қайыңның алғашқы жапырақтарының өрістетуі	
1	Тозаңдану	
2	Бақбақтың гүлдеуі басталуы	
2	Шаққыш-масалар, шағулар	
2	Көкектің алғашқы сайрауы	
2	Мамыргүл гүлдеуі	
2	Кәдімгі шетен гүлдеуі	
2	Мойыл гүлдеуі	
2	Қаражидек гүлдеуі	
ЖАЗ		
1	Қызғылт итмұрын гүлдеуі	
2	Терек-қаратерек пушение	
3	Таңқурай гүлдеуі	
4	Бақ қаражидегі пісуі	
5	Инеліктердің жаппай шығуы	
6	Бұршақ гүлдеуі	
7	Новокитай таңқурайы, пісуі	
8	Найзағай	
9	Шабындық басталуы	
КҮЗ		
1	Үйеңкінің сарғаюы басталуы	
2	Құстардың алғашқы тобы	
3	Қайыңның сарғаюы басталуы	
4	Шағанды үйеңкінің жапырақтары түсуі басталуы	
5	Ұзақтардың жаппай ұшып қайтуы	
6	Қайың жапырақтарының толық боялуы	

7	Соңғы күзгі найзағай	
8	Алғашқы күзгі ауа қатқағы	
9	Алғашқы қар	
1	Жәндіктердің күзгі тізбегі	
1	Соңғы мал жайылымы	
1	Үйеңкінің жапырақтарының түсіп болуы	
1	Қайыңның жапырақтарының түсіп болуы	
1	Теректің жапырақтарының түсіп болуы	
	ҚЫС	
1	Қар жамылғысының пайда болуы	
2	Ертіс өзенінде мұз сеңінің басталуы	

Қолданылған әдебиет тізімі:

1. Аксенова Н.А. Фенологиялық бақылаулар/ Н.А. Аксенова //Мектептегі биология. - 1994. - № 2, 3, 4,5.
2. Коротков Д.В. Оқушылардың қыстайтын құстарды дербес бақылауын ұйымдастыру /Д.В. Коротков //Биология. - 2006. - № 3. - Б.13-21.
3. Пугал Н.А. Экология және мектеп маңындағы учаскенің эстетикасы /Н.А. Пугал//Мектеп технологиялары. - 1998. - № 3.
4. Ромашова А.Т. Мектепте фенологиялық жұмыстар туралы /А.Т. Ромашова //Мектептегі биология. - 1981. - № 4.
5. Хомченко С.И. Фенологиялық бақылауларды ұйымдастыру /С.И. Хомченко //Мектептегі биология. - 1985. - № 4; 1986. - № 1.
6. Щенникова З.Г. Жазғы фенологиялық бақылаулар /З.Г. Щенникова //Мектептегі биология. - 1980. - № 3.
7. Блинников В.И. Экология негізіндегі зоология; № 2121 «Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі». - М.: Просвещение, 1990.
8. Быховский Б.Е. Биология: Жануарлар: 7-8 сын.арналған оқулық. /Б.Е. Быховский, Е.В. Козлова, М.А. Козлов т.б.; Ред. М.А. Козлова. - 26- бас. - М.: Просвещение, 1998.
9. Захаров В.Б. Биология. 7 сын. Тірі ағзалардың көптілігі: жалпы білім беру мект.арн оқулық /В.Б. Захаров, Н.И. Сонин. - 3 басылым - М.: Дрофа, 2000.
10. Теремов А. Қызықты зоология: ата-аналарға және мұғалімдерге оқушыларға арналған кітап /А. Теремов, В. Рохлов. - М.: АСТ-ПРЕСС, 1999. - («Қызықты сабақтар»).

Бөлме өсімдіктеріне күтім жасаудың агротехникалық тәсілдері

*Авторы: Б.Қ.Текенова,
қосымша білім беру ұстазы*

Әдістемелік нұсқаудың мазмұнында бөлме өсімдіктеріне күтім жасаудың қырсырлары қарастырылады. Осы нұсқау әдеби деректер мен өзіндік зерттеу материалдары негізінде құрастырылған. Мектеп пән мұғалімдері, қосымша білім беру ұстаздары, ұйымдастырушы-ұстаздар және жылыжай жұмыскерлеріне әдістемелік көмек ретінде арналған. Осы құрал бөлме өсімдіктерінің қызмет көрсетуі және шығуы туралы мағлұмат алуға мүмкіндік береді.

Гүлдерді өсіре отыра, оларға одан әрі өсуі және гүлденуі үшін барлық жағдайды жасауға тырысамыз.

Гүлдерді жылдың кез – келген уақытында сатып алуға болады, бірақ ең нәзік, балғын мезгілі – көктемнен бастап күз мезгілінің ортасына дейінгі уақыт. Өсімдіктер өзінің сәндік қасиеттерін сақтап және сау болуы үшін, оларға дұрыс күтім көрсете білу керек, ол үшін әр өсімдіктің қалай бапталу керектігін және мәдениет талаптарының ерекшеліктері жөнінде білуіміз шарт.

Көптеген өзгерістер бөлме өсімдіктерінің әлемінде байқалады. Сәндікгүл дақылдарының мәдениеттік танымалдылығы барған сайын өсуде. Жылыжайлар жағдайында жер сіндіріліп, гүлдеп және жеміс беретін тропикалық және субтропикалық өсімдіктердің түр құрамы тұрақты жаңартылады. Бірақ кез-келген адам өсімдікті қалай дұрыс күту керектігін білмейді. Сондықтан, әрбір өсімдіктің әртүрлілігіне әр түрлі күтім мен қамқорлық ауадай қажет.

Бөлме өсімдігін таңдау кезінде оның мөлшері мен кескініне көңіл аудару маңызды емес. Ең маңыздысы - жасыл үй тіршілігіне жағдай жасай білу, ол біріншіден – жарық пен температура. Үй өсімдіктерінің ішінде жарықты сүйетіні де, көлеңкеге төзімдісі де, өзіне жарықтың шашырап түскенін қалайтыны да бар. Бөлме гүлдері кеңсенің, үйдің сәні болып табылады. Олар жалпыға қол жетерлік, олардың көптүрлілігі де бөлме интерьеріне тиістісін таңдауға мүмкіндік береді.

Бұл нұсқауда отыздан астам өсімдіктердің түрлері берілген, олар екі бөлімге бөлінеді. Бірінші бөлімнің тізіміне жарықсүйгіш өсімдіктер енгізілген, яғни бұл тікелей күн сәулесін қалайтын мәдени топ. Екінші бөлімде - екі топ өсімдіктері, яғни көлеңке төзімді және көлеңкесүйгіш, олар шашыраңқы жарық пен көлеңкеге төзетін өсімдіктер тобы.

I. Жарық сүйгіш өсімдіктер

Жарық сүйгіш өсімдіктер қалыпты даму мақсатында күн сәулесін көп мөлшерде қажет етеді. Бұл топ бөлме мәдениетін қамтуы мүмкін: бөлме үйеңкісі, агава, бугенвиллия, қытай раушан гүлі, анар, інжір, ирезине, қызылжолақты кордилина, каланхоэ, колеус, олеандр, қазтамақ, пассифлора, панкрациум, пуансеттия және т.б. Жарық сүйгіш өсімдіктер оңтүстік, оңтүстік-батысқа және оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған терезе жанында орналастырылуы тиіс. Осы дақылдардың көпшілігі тікелей күн сәулелеріне ұзақ шыдай алмайды, сондықтан оларға көлеңке қажет. Тек суккулентті өсімдіктер тікелей табиғи жарыққа жаз мезгілінде 12-16 сағат, ал қыс мезгілінде 6 сағат төтеп береді.

1. БӨЛМЕ ҮЙЕҢКІСІ

ABUTILON"ASHFORD RED"

Түр: Бөлме үйеңкісі (ABUTILON)

Тұқымдас: Сыбыс (MALVACEAE)

Отаны: Орталық және Оңтүстік Америка

Гүлденуі: ерте жазда - күзде.

Ампельді өсімдік.

Температура: қалыпты, қыста 10-15°C.

Жарықтандыру: жарық сүйгіш, ол күніне бірнеше сағат тікелей күн сәулесінің түсуін көреді. Осы өсімдікке көп орын қажет – ең дұрысы, сәл үлкендеу және көлеңкелі терезе.

Суару: көктемнен күзге дейін мол суару, қыста бір қалыпта суарып отыру.

Ылғалдық: ара-тұра жапырақтарын бүркеу.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: Егерде, жердегі тамыр түптенсе, гүлденуі шамадан тыс жағдайда ғана туындайды, сондықтан жаңа құмыра үлкен болмауы керек.

Көбеюі: көктем мезгіліндегі жасыл жапырақты – түйіртпектер түрлері немесе дәндерімен, ала жапырақты түйіртпектер түрлері. Көктемде өркенді шымшу және күз мезгіліне дейін жүйелі түрде тамақтандыру. Келесі маусымға дейін тармақталғанын күшейту үшін, қыс мезгілінің басталуымен өркеннің биіктігін кесу керек.

Гибридты Абутилон (*A. hybridum*) биіктігі 1,5 м дейін жететін шашыраңқы ағаш сияқты көрінеді. Үйеңкі жапырақтарының ені 8 см-ге дейін, қоңырау тәрізді гүлдерінің ұзындығы 5 см-ге дейін. Көптеген сұрыптар бар: *Canari Bird* (сары), *Boule de neige* (ақ), *Fireball* (қызыл), *Souvenir de Bonn* (ал қызыл).

Зиянкестер: қара күйе (*aphids*), аққанаттылар.

2. АГАВА

AGAVE

Түр: Агава (*AGAVE*)

Тұқымдас: Агава (*AGAVECEAE*)

Отаны: Орталық және оңтүстік Америка

Гүлденуі: 8-12 г. немесе 10-20 г. дейін(сирек).

Суккулентті өсімдік.

Температурасы: көктемнен күз мезгіліне дейін бір қалыпта. Қыста, мүмкіндігінше 10-12°C температурада, салқын күй-жайда сақталады, сонымен қатар 6 ° C температураға да осал емес.

Жарықтандыру: көптеген өсімдіктер күн сәулесінің тура түсу мөлшерін талап етеді, сондықтан да оларды терезе алдына орналастыру қажет. Мүмкін болса оңтүстік бағыттағы терезеге қояды, жаз уақытында көлеңке түсетін жерге қояды. Жаз уақытында таза ауаға далаға шығаруға болады

Суару: көктемнен күзге дейін. Қыс айларында өте сирек суарады, бір-екі айда бір рет суару қажет.

Ауаның ылғалдылығы: жапырақтарды сумен бұркеу міндетті емес. Жаз уақытында бөлменің ауасын тазарту қажет, себебі таза ауа керек. Ауаның құрғақтығын көтеру жеңіл.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: көктемде бірнеше үлкен өлшемді құмыраларда, тек керек кезде ғана ауыстыру шарт. Суккулентті өсімдіктерді жалпақ құмыраларда өсіреді.

Көбеюі: саптары жеңіл тамыр жаяды. Сабақты, жапырақты немесе саптардың өсінділерін көктемде және жазда отырғызады. Тұқымдарды отырғызу алдында саптарды 1-2 күнге кептіреді (үлкендерін 1-2 апта). Полиэтилен, шынымен жабылмайды, абайлап суарады. Көбейтудің тағы бір жолы тұқымдар, олар 20 - 25°C температурада өседі.

Зиянкестер: өсімдік кенесі (*schitovka*).

3. БУГЕНВИЛЛИЯ

BOUGAINVILLEA

Түр: Бугенвиллия (*BOUGAINVILLEA*)

Тұқымдас: Никтагиналық (*NYCTAGINACEAE*)

Отаны: Бразилия

Гүлденуі : сәуір - маусым

Тропикалық қызыл гүлді өсімдік.

Температура: жазда, қыста салқын жай-күйде. Қыс мезгілінде өсімдікті салқын жерде ұстау. Көктем келе берісімен ауаның температурасын жайлап көтеріп, жиі суару қажет.

Жарықтандыру : ең жарық мүмкін болғанша.

Суару: көктем мен жазда жиі, қыста аз шамада (топырақ біршама құрғақ болу керек). Күзде сабақтардың шетін қиып, суаруды азайту қажет.

Ауаның ылғалдылығы: жылуы жақсы бөлмеде жапырақтарға су бүркеу қажет.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: керек жағдайда көктем мезгілінде.

Көбеюі: бас сабақты саптары жазда көбейеді. Көбеюді жылдамдату үшін фитогормондар мен төменгі қабатты жылыту қажет.

Зиянкестер: аққанатты, қара күйе (aphids), өсімдік кенесі (schitovka).

4. ҚЫТАЙ ГИБИСКУСЫ

HIBISCUS ROSASINENSIS

Гибискус, қытай раушан гүлі

Түр: Гибискус (HIBISCUS)

Тұқымдас: Сыбыс (MALVACEAE)

Отаны : Тропикалық Азия, шамамен оңтүстік Қытай.

Гүлденуі: көктемде, жазда, күзде.

Бұтақты немесе ағаш тәріздес гүлдейтін өсімдіктер.

Температура: қоңыржай, қыста жарықта 12° С –тан төмен емес.

Жарықтандыру: ашық жарық, бірақ күн көзінен қорғау керек.

Суару: жиі, қыста баяу суару. Тамыздың ортасына дейін әр апта сайын қосымша жемдеу керек.

Ауаның ылғалдылығы: жапырақтарды кей кезде сумен себу.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: жас өсімдіктерді жыл сайын.

Көбеюі: бас саптарға жаздың соңында топырақтың 22-25°С температурасында, ауалық алмастырумен, біржылдық саптар жартылай өсінділер, тұқымдар, екпелер, алмастырулар.

Зиянкестер: қара күйе (aphids) аққанаты, өсімдік кенесі (schitovka), өрмекші кенесі.

5. АНАР

PUNICAGRANATUM

Түр: Анар (PUNICA GRANATUM)

Тұқымдас: Анар тектес (PUNICACEAE)

Отаны: Иран, Ирак

Көктемде гүлдейді.

Бұтақ тектес өсімдік.

Температура: қалыпты және жақсы дамуы үшін қоңыржай 20°С температура керек. Қыс уақытында өсімдікті салқындау жерге қояды, ондағы температура 5-7°С-тан аспауы керек.

Жарықтандыру: күннің тура түсуінен қорықпайды, өте жарық сүйгіш өсімдік. Жазда өсімдікті таза ауаға шығарады.

Суару: бір қалыпты. Қыс уақытында айына 1 рет суарады.

Ауаның ылғалдылығы: жылдың ыстық уақытында өсімдікті бөлме температурасындағы сумен бүркеу керек.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: жас өсімдікті жыл сайын, ал ересек өсімдікті 3-4 жылда 1 рет. Егер анар кадкада өсірілсе, онда 5 жылда бір рет ауыстырады.

Көбеюі: көктемде сабақты саптармен және тұқымдармен. Саптардың тамырлануы үшін фитогармондар мен төменгі жылытуды пайдаланады.

Зиянкестер: аққанатты, қара күйе (aphids), өсімдік кенесі (schitovka).

6. ИНЖІР

FICUS CARICA

Түр: Инжір (FICUS)

Тұқымдас: Тұт (MORACEAE)

Отаны: Жерорта теңізі, Кіші Азия

Гүлденуі: Мамыр - маусым

Екі үйлі жапырақ тастайтын өсімдік.

Температура: жылу сүйгіш. Қазан – қараша айларында өсімдікті 5-10°C температурада ұстау керек.

Жарықтандыру: вегетациялық кезеңде өсімдікті жарық жерде ұстау керек. Жылу сүйгіш өсімдік.

Суару: топырақ қабатының құрғауына байланысты жиі.

Ауаның ылғалдылығы: вегетациялық кезеңде ақпаннан қазан айларында өсімдікке көп мөлшерде ылғал қажет. Бұталарын тыныштық уақытында күн сайын сумен себу керек.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: вегетациялық кезең басталғанға дейін. Жас өсімдіктерді жыл сайын ауыстырады, ал 4-5 жылдық өсімдіктер өсуіне байланысты.

Көбеюі: саптармен, тұқымдармен.

Зиянкестер: аққанатты, қара күйе (aphids), өсімдік кенесі (schitovka).

7. ИРЕЗИНЕ ХЕРБСТА

IRESINE HERBSTII

Түр: Иризине (IRESINE)

Тұқымдас: Гүлтәжі (AMARANTHACEAE)

Отаны: Оңтүстік Америка

Гүлденуі: көктем мен жаз.

Мәңгі жасыл көпжылдық бұталар.

Жерді көгалдандыру үшін, бір жылдық өсімдік сияқты ашық топырақ қабатында өсіреді.

Температура: жазда бақшаға шығаруға болады. Қыс мезгілінде температура 18°C –тан төмен болмау керек.

Жарықтандыру: күн көзі жақсы түсетін, ауа мол жерде орналастырады.

Суару: көктем мен жазда жиі, күз бен қыста бірқалыпты.

Ауаның ылғалдылығы: жазғы уақытта жоғары.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: көктем мен жазда.

Көбеюі: бас саптармен көбейтеді (көктем мен жазда).

Зиянкестер: қара күйе (aphids), аққанатты, өрмекші кенесі.

8. ҚЫЗЫЛ ЖОЛАҚТЫ БАС КОРДИЛИНА

CORDYLITNE TERMINALIS REDEEDGE

Түр: Корделина (CORDYLITNE)

Тұқымдас: Агава (AGAVACEAE)

Отаны : Тропикалық Азия, Үндістан.

Сырт келбеті драценамен ұқсас келген мәңгіжасыл өсімдік.

Температура: жазғы уақытта ауаның температурасын 22-25°C-та ұстау керек, қыста 13°C-тан төмен емес.

Жарықтандыру: жарықсүйгіш өсімдік. Терезе алдында оңтүстік-шығыс, оңтүстік-батыс бағыттарда орналастырады, бірақ жапырақтарға күн көзі түспеу керек.

Суару: жаз уақытында жиі суару керек. Қыста аптасына бір рет.

Ауаның ылғалдылығы: жаз уақытында біршама ылғалдандырады.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: ерте көктемде екі жылда бір рет.

Көбеюі: бас саптармен немесе бұтақ кесінділермен.

Зиянкестер: өрмекші кенесі, өсімдік кенесі (schitovka).

9.КАЛАНХОЭ

KALANCHOE

Түр: Каланхоэ (KALANCHOE)

Тұқымдас: Жасаншөп (CRASSULACEAE)

Отаны: Мадагаскар аралы

Гүлденуі: бірқалыпты емес

Суккулентті өсімдік.

Каланхоэ Блосфельда. Жыл мезгілдің әр бірінде гүлдейтін бұтақ тәріздес өсімдік. Гүлдері трубка тәріздес. Кей кездері Каланхоэ гүлін сыйлық ретінде жаңа жылда табыстаған.

Каланхоэ Дегремона. Бұл екеуі бөлме өсімдіктерінің кішкене тобына жатады, олар жапырақтарда аналық тектес өсімдіктер қалыптастырады.

Каланхоэ Бехарсқалық. Өзінің тамаша жапырақтары үшін өсіреді.

Температура: ауа температурасы 24°C.

Жарықтандыру: жақсы жарықты талап етеді. Бірақ тура күн көзінен қорғау керек.

Суару: аптасына 1 рет, бірақ бір қалыпты.

Ауаның ылғалдылығы: жылуды талап етеді.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: ерте көктемде.

Көбеюі: саптар жеңіл тамырланады. Сабақты, жапырақты саптар немесе өсінділерді көктем мен жаз мезгілінде отырғызады. Саптарды отырғызу алдында 1-2 күн кептіреді (үлкендерін 1-2 апта)

Зиянкестер: өрмекші кенесі, өсімдік кенесі (schitovka).

10. КОЛЛЕУС БЛЮМА

COLEUS BLUMEI

Түр: Коллеус (COLEUS)

Тұқымдас: Ерінгүлділер (LAMIACEAE)

Отаны: Азия, Ява аралы

Гүлденуі: көктемде.

Мәңгі жасыл бұталар мен шөптер.

Температура: 25°C температура ұсталу керек. Өте жылу сүйгіш өсімдіктер.

Жарықтандыру: жарық сүйгіш өсімдіктер, егер күн көзі тура түсетін болса, өте ашық әртүрлі түстері болады.

Суару: жазда күн ара, топырақ қабаты қатты ылғалданбауын қадағалау керек. Қыста суаруды төмендетеді, топырақ қабаты құрғамауы керек.

Ауаның ылғалдылығы: ыстық күндері міндетті түрде күн сайын су себу керек.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: жыл сайын ерте көктемде.

Көбеюі: саптармен немесе тұқыммен.

Зиянкестер: аққанатты, қара күйе (aphids).

11. ҚАРАПАЙЫМ ОЛЕАНДР

NERIUM OLEANDER

Түр: Олеандр (OLEANDER)

Тұқымдас: Куртовалық (APOCYNACEAE)

Отаны: Жерорта теңізі

Гүлденуі: жазда - күзде

Мәңгі жасыл жиі гүлдейтін бұта. Ағашы мен шырыны улы.

Температура: қыста 8°C тан төмен емес.

Жарықтандыру: жарық күннің көзі. Олеандрға үлкен бөлме мен бақша қажет.

Суару: Көктемнен күзге дейін жиі, қыста бірқалыпты. Жұмсақ сумен суарады.

Ауаның ылғалдылығы: сумен бүркуді талап етпейді.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: керек жағдайда көктемде.

Көбеюі: бас сабақты саптармен көктем немесе жаз.

Зиянкестер: өрмекші кенесі, ара күйе (aphids).

12. ҚАЗТАМАҚ

PELARGONIUM

Түр: Қазтамақ (PELARGONIUM)

Тұқымдас: Қазтамақ (GERANIACEAE)

Отаны: оңтүстік Африка

Гүлденуі: жыл бойы болуы мүмкін

Әдемі гүлдейтін өсімдіктер.

Температура: шамалы, түнде төмендеу, қыста 8°C- тан төмен емес, ампель тәрізділерге 12°C.

Жарықтандыру: жарық сүйгіштер, күн көзінің тура түсуін қалайды.

Суару: жиі, топырақтың құрғауына байланысты. Бірақ топырақтың тым ылғалды болуынан абай болу керек. Қыста жиі емес, гүлдену уақытынан тыс мезгілде топырақ қабаты сәл ылғалды болу керек.

Ауаның ылғалдылығы: жапырақтарын сумен бүркуді қажет етпейді.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: қажет жағдайда көктемде.
Көбеюі: сабақты саптармен немес тұқымдармен көктемгі уақытта.
Зиянкестер: аққанатты, қара күйе (aphids).

13. ПАССИФЛОРА, СТРАСТОЦВЕТ

PASSIFLORA

Түр: Пассифлора (PASSIFLORA)

Тұқымдас: Страстоцвет (PASSIFLORACEAE)

Отаны: Тропикалық Бразилия.

Гүлденуі: мамыр – қыркүйек айларында. Жылыжай жағдайында жыл бойына гүлдей береді.

Тропикалық лиана.

Температура: қыста 12°C тан төмен емес

Жарықтандыру: жарық сүйгіш.

Суару: жиі, жазда күн сайын, қыс мезгіліне суаруды азайтады.

Ауаның ылғалдылығы: белгілі бір уақыт аралығында сумен бүрку қажет. Бөлменің ауасын тазарту керек.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: жыл сайын көктемде.

Көбеюі: көбіне саптармен көбейтеді, тұқымдар және апта бұтақтармен.

Зиянкестер: қара күйе (aphids), аққанатты, өрмекші кенесі.

14. ПАНКРАЦИУМ

PANCRATIUM

Түр: Панкратиум (PANCRATIUM)

Тұқымдас: Амарилис (AMARYLLIDACEAE)

Отаны: Тропикалық Азия, Африка

Гүлденуі: күзде

Сарымсақ тектес өсімдік.

Температура: жыл бойына оптимальді 17-18 °C температура.

Жарықтандыру: жарық сүйгіш өсімдіктер. Ашық селдір жарық түскенде жақсы гүлдейді

Суару: көктем мен жаз уақытында жиі және күзде, ал қыста шамалы.

Ауаның ылғалдылығы: шамалы.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: 1 рет 2-3 жылда, наурыз айында.

Көбеюі: сарымсақ тәрізді өсінділермен.

Зиянкестер: өсімдік кенесі (schitovka).

15. ПУАНСЕТТИЯ

EUPHORBIA PULCHERRIMA

Түр: Пуансеттия (POINSETTIA)

Тұқымдас: Сүттіген (EUPHORBACEAE)

Отаны: Тропик, Орталық Америка

Гүлденуі: қараша – қаңтар

Температура: шамалы, қыста гүлдену уақытында 14 – 15°C тан төмен емес.

Жарықтандыру: қыста өте қатты жарық; келесі жылға қалатын өсімдіктерді күн көзінен сақтау керек.

Суару: жиі, топырақ қабатының құрғауына байланысты. Егер жапырақтар

сола бастаса, тез арада суару қажет. Жазда суаруы көбейтеді.

Ауаның ылғалдылығы: гүл шашу уақытында жапырақтарын жиі сумен бүрку керек.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: 2-3 жылдан кейін, қажет болған жағдайда.

Көбеюі: жазғытұрым уақытта сабақты саптармен. Жылдамдату мақсатында фитогормондар қолданылады.

Зиянкестер: аққанатты, қара күйе (aphids).

II. Көлеңке сүйгіш және көлеңке көтеретін өсімдіктер

Көлеңке көтеретін өсімдіктерге жарықты қатты талап ететін, бірақ аздаған көлеңкені көтере алатын түрлерді енгіземіз. Күн көзінің ұзақ уақытбойы тік түсуі барысында, өсімдіктердің бұл тобында жапырақтары ағарып нашарлайды. Бұл топ өсімдіктерінің қалыпты жағдайда өсуін қамтамасыз ету үшін жарық қажет, сондықтан оларды терезенің алдына батыс және шығыс бағыттарда орналастыру қажет. Көлеңке көтеретін өсімдіктердің оптимальді жарық түсу уақыты 8-10 сағат, қыс мезгілінде 4-5 сағат.

Көлеңке сүйгіш деп ашық күн көзін нашар көтеретін өсімдік түрлерін айтамыз. Олар жартылай қараңғы жерлерде жақсы дамиды. Тік күн сәулелері бұл өсімдік топтары үшін аса қауіпті болып табылады.

Көлеңке сүйгіш өсімдіктерді солтүстік және солтүстік-батыс бағыттағы терезелерде орналастырады. Жарық түсу уақытының ұзақтығы 6 сағаттан аспауы керек, ал қыс мезгілінде 4 сағат.

Көлеңке сүйгіш және көлеңке көтергіш мәдени өсімдіктеріне: жүзжылдық, авокадо, қасқыржем, бегония, шығыс гүлі, евпатория, жасмин, зефирантес, каллизия, колерия, кофе ағашы, дәмжапырақ, маранта, пахистахис, шырмауық, пилея және тағы басқалары жатады.

1. ЖҮЗЖЫЛДЫҚ

ALOE

Түр: Жүзжылдық (ALOE)

Тұқымдас: Лалагүл (LILIACEAE)

Отаны: Оңтүстік Африка

Гүлденуі: қалыпты емес

Суккулентті өсімдік.

Температура: көктемне күзге дейін шамалы. Күндізгі және түнгі уақыттағы температураның айырмашылығын жақсы көреді. Қыста салқын жерде 5-10° С, 6° С температураны да көтере алады.

Жарықтандыру: жарық сүйгіш, қараңғыны көтере алмайды.

Суару: жиі және шамалы.

Ауаның ылғалдылығы: жапырақтарын сумен бүркуді қажет етпейді, бірақ өсімдікке таза ауа қажет. Поддондағы судың тұрып қалмауы қажет бұл өсімдіктің тіршілік етуін тоқтататын бірден бір себеп.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: 1см тереңдікке отырғызады. Өсімдіктердің арақашықтығы 3-5 см болу керек. Жас өсімдіктерді 3-5 жаста 2 жыл сайын ауыстырады. Кейін 3 жыл сайын, кадканың шіруіне байланысты.

Көбеюі: сабақты апта бұтақтармен.

Көбейту тәсілі; бүйірлі өркендермен, сабақтармен және жапырақты саптармен. Көбею технологиясы саптармен.

Зиянкестер: өсімдік кенесі (schitovka).

2. АВОКАДО

PERSEA AMERICANA

Түр: Авокадо PERSEA

Тұқымдас: Дәмжапырақты (LAURUSEAE)

Отаны: Орталық және Оңтүстік Америка

Гүлденуі: бөлме жағжайында гүлдемейді.

Жеміс беретін мәңгі жасыл өсімдіктер.

Температура: жылу сүйгіш, қыста 12° С-тан төмен емес, жапырақ түсіруі мүмкін.

Жарықтандыру: жарық сүйгіш.

Суару: жазда жиі, қыста топырақ қабатының құрғауына байланысты. Күн сайын қосымша жем беру керек.

Ауаныңылғалдылығы: ауаның жоғары ылғалдылығын талап етеді.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: жазда және көктемде керек болған жағдайда.

Көбеюі: саптармен және тұқыммен

Зиянкестер: байқалмады.

3. ҚАСҚЫРЖЕМ, СПАРЖА

ASPARAGUS

Түр: Қасқыржем (ASPARAGUS)

Тұқымдас: Лалагүл (LILIACEAE)

Отаны: Азия, Африка

Гүлденуі: тұқымы көбінесе мол. Екі рет гүлдейді, ақпан – мамыр, қыркүйек – қазан айлары.

Қасқыржем Шпренгераны ампельді өсімдік ретінде қолданады.

Температура: 20°С аспау керек.

Жарықтандыру: өсімдік жарық сүйгіш, көлеңкеге де шыдамды. Қысқыға төзімді. Күнің көзі ашық күндері көлеңкеге және су бүркеуді аса қажет етеді.

Суару: жазда жиі, себебі ылғал жетпегендіктен жапырақтары сарғая бастайды. Қыс мезгілінде аспарагуска шамалы мөлшерде су қажет.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: өсімдік 2 жылда бір рет өндіріледі.

Көбеюі: түп тамырларын бөлумен, саптармен. Тұқымдарды қаңтар айында құмыраға немесе жәшіктерге себеді, әрдайым суару қажет.

Зиянкестер: байқалмады.

4. БЕГОНИЯ

BEGONIA

Түр: Бегония (BEGONIA)

Тұқымдас: Бегония (BEGONIACEAE)

Отаны: тропикалық және субтропикалық Азия және Африка

Гүлденуі: түріне байланысты

Көп жылдық өсімдік.

Температура: күн сәулесінің түсуін көтере алмайды.

Жарықтандыру: жарық сүйгіш өсімдік, жылу сүйгіш, гүлденген бегония жарықты жақсы көреді, ал жапырақтылар ызрығықтан қорқады.

Суару: суды көп қажет ептейді.

Ауаныңылғалдылығы: Бегония бөлмедегі ауаны химиялық заттардан 6,9% тазартады. Бөлмедегі ауасының 80% микробын жояды.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: жазда және көктемде керек болған жағдайда. Биік үйдің балконында өсіруге болады.

Көбеюі: бас саптармен, тұқыммен. Гүлденген өсімдік алу үшін желтоқсан – қаңтар айларында тұқым себу керек. Гүлдерді маусым айында 12x12 см. қашықтықта отырғызу керек.

Зиянкестер: ауруға шалдықпайды және зиянкестерден бұзылмайды.

5. ШЫҒЫС ГҮЛІ

HYDRANGEA

Түр: Гидрангия (HYDRANGEA)

Тұқымдас: Гидрангия (HYDRANGEACEAE)

Отаны: Япония, Китай.

Гүлденуі: көктемде.

Жапырақ тастайтын өсімдік.

Температура: жазғы 18-20°C, қыста 10-15°C. Өсімдіктің жалпы жағдайына температураның тез ауысуы әсер етеді.

Жарықтандыру: өсімдік жарық сүйгіш, сондықтан да жарық жақсы түсуі керек. Бірақ күн көзінің тік түсуі зиян келтіруі мүмкін.

Суару: жазда жиі әрі көп суару. Қыста тыныштық уақытында суару айына 1 ретке дейін төмендейді.

Ауаның ылғалдылығы: гүлді сумен жиі бүркеу қажет.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: 2-3 жылда бір рет топырақ қабатын тексереді, егер топырақ гүлдің тамырларынмен толы болса оны жаңа жерге ауыстырады, аса үлкен құмыраға.

Көбеюі: бас саптармен.

Зиянкестер: аққанатты, өрмекшікенесі, біте (thrips), өсімдік кенесі (schitovka).

6. ЕВПАТОРИЯ

EUPATORIA

Түр: Евпатория (EUPATORIA)

Тұқымдас: Күрделігүлділер (ASTERACEAE)

Отаны: Африка

Гүлденуі: көктемде

Ағаш тектес мәңгі жасыл өсімдік.

Температура: қысқы уақытта 6°C-тан төмен емес.

Жарықтандыру: жарық сүйгіш, бірақ күн көзінің тура түсуінен көлеңкелеу керек.

Суару: жазда жиі, қыста шамалы.

Ауаның ылғалдылығы: жазда жапырақтарын сумен бүрку керек.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: жас өсімдікті жыл сайын, ал ересек өсімдікті 2-4 жылда

Көбеюі: тұқыммен және саптармен.

Гүлденуі: жыл бойына. Көктемде гүлдің көп болуы үшін нашар жапырақты бұталарды кеседі. Ал ұзын өркендерді жартысына немесе үштен бірінеқысқартады.

Лиана тектес өсімдіктер.

Температура: қыста 16-18 °С.

Жарықтандыру: ашық, бірақ жеңіл қараңғы.

Суару: жазда жиі жұмсақ сумен суарады.

Ауаның ылғалдылығы: жапырақтарын жиі сумен бүркеу қажет.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: қажет жағдайда көктемде. Жазда өркендерде 5-8 жұп жапырақ пайда болған кезде, оларды қысып қояды.

Көбеюі: көктемде жартылай ағаштектес үш аралық түйіні бар саптармен. Оларды құм аралас жапырақты топыраққа отырғызып, шынымен жабады. 1 айдан сон тамыр жаяды. Кейін ағаш, жапырақ, торф және құм аралас құмыраларға отырғызады.

Зиянкестер: аққанатты, трипс (thrips).

7. ЖАСМИН

JASMINUM

Түр: Жасмин (JASMINUM)

Тұқымдас: Зәйтүн (OLEACEAE)

Отаны: Африка, Азия, Австралия, Америка.

Гүлденуі: жыл бойына. Көктемде гүлдің көп болуы үшін нашар жапырақты бұталарды кеседі. Ал ұзын өркендерді қысқартады, жартысына немесе үштен біріне. **Лиана тектес өсімдіктер.**

Температура: қыста 16-18.

Жарықтандыру: ашық, бірақ жеңіл қараңғы.

Суару: жазда жиі жұмсақ сумен суарады және су бүркиді №

Ауаның ылғалдылығы: жапырақтарын жиі сумен бүрку керек.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: қажет жағдайда көктемде. Жазда өркендерде 5-8 жұп жапырақ пайда болған кезде, оларды қысып қояды.

Көбеюі: көктемде жартылай ағаштектес үш аралық түйіні бар саптармен. Оларды құм аралас жапырақты топыраққа отырғызып, шынымен жабады. 1 айдан сон тамыр жаяды. Кейін ағаш, жапырақ, торф және құм аралас құмыраларға отырғызады.

Зиянкестер: аққанатты.

8. ЗЕФИРАНТЕС

HEBRANTHUS

Түр: Зефирантес

Тұқымдас: Амарилис (AMARYLLIDACEAE)

Отаны: орталық Америка

Гүлденуі: көктемнен күзге дейін.

Шөптесін өсімдік.

Температура: қыста 12-15°C.

Жарықтандыру: жазда ашық шашыраңқы жарық, ашық ауаға шығаруға болады. Қыста тыныштық күйін сақтау - гүлдену үшін маңызды. Сол себепті сарымсақтарын қазып алып, оларды көктемге дейін құрғақ сәл дымқылдау қараңғы жерде сақтайды.

Суару: вегетация кезінде жиі, тыныштықта – шамалы, тапырақ қабатының құрғауына жол бермеу керек.

Ауаның ылғалдылығы: қажет емес.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: жыл сайын көктемде бірнеше дара, бірақ терең емес жайпақ ыдыстарға.

Көбеюі: сарымсақтармен.

Зиянкестер: байқалмады.

9. ТАСЖАРҒАН

SAXIFRAGA STOLONIFERA

Түр: Тасжарған (SAXIFRAGA)

Тұқымдас: Тасжарған (SAXIFRAGACEAE)

Отаны: Жапония, Қытай

Гүлденуі: көктемде – жазда.

Мәңгі жасыл шөптесін өсімдік.

Температура: жазда 13-16° С ауада, қыста 5° С тан төмен емес.

Жарықтандыру: жарықтан жартылай қараңғыға дейін.

Суару: көктемнен күзге дейін жиі, қыста шамалы.

Ауаның ылғалдылығы: жапырақтарын кей-кезде сумен бүркеу пайдалы.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: өсімдікті жыл сайын.

Көбеюі: кішкене бүршіктері бар өркендермен. Бірнеше данадан бір құмыраға салған жөн.

Зиянкестер: байқалмады.

10. КАЛЛИЗИЯ

CALLISIA

Түр: Каллазия (CALLISIA)

Тұқымдас: Коммелин (COMMELINACEAE)

Отаны: Мексика

Гүлденуі: қалыпты емес.

Мәңгі жасыл шөптесін өсімдік.

Температура: жазда 18-22° С, қыста 15° С-тан төмен емес.

Жарықтандыру: жартылай көлеңке.

Суару: жыл бойына жиі көбірек.

Ауаның ылғалдылығы: сумен кейкезде бүрку қажет.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: жас өсімдіктерді әр жыл сайын ақпан айының басында, ересектерді 2-3 жылда бір рет.

Көбеюі: раушан тектес аналықтармен және саптармен көбейеді.

Зиянкестер: байқалмады.

11. КОЛЕРИЯ

КОHLERIA

Түр: Колерия (КОHLERIA)

Тұқымдас: Геснерия (GESNERIACEAE)

Отаны: Оңтүстік Мексика

Гүлденуі: жыл бойы.

Шөптесін өсімдік.

Температура: жазда 18-20°C-тан жоғары емес, күзде 12 °C-тан төмен емес.

Жарықтандыру: онша жарық сүйгіш емес. Жазда өсімдікті күнкөзінен көлеңкелеу керек.

Суару: көктемнен күзге дейін күн сайын аздаған су мөлшерімен. Қыста суаруды азайтады, жағдайға байланысты.

Әржылдыңкөктемінде ауыстыру: көктемде, керек жағдайда.

Көбеюі: түптамырдыбөлумен және саптармен.

Зиянкестер: байқалмады.

12. КОФЕ АҒАШЫ

Түр: Кофе (COFFEA)

Тұқымдас: Ойран (RUBIACEAE)

Отаны: Африка

Гүлденуі: сәуір - мамыр.

Тропикалық ағаш немесе бұтақ тәріздес өсімдік.

Температура: 18-20°C жазғыуақытта,қыста 12 °C-тан төмен емес.

Жарықтандыру: жазғыуақыттажақсы, қыстакүнкөзіқажет.

Суару: жазда жиі көбірек, бөлметемпературасындағы сумен бүрку керек. Қыста шамалы, бүркусіз.

Ауаныңылғалдылығы: жаздың ыстық күндері бөлме температурасындағы сумен бүрку керек.

Әржылдың көктемінде ауыстыру: жазда көктемдеқажетжағдайда.

Көбеюі: саптармен жәнежаңажиналғантұқымдармен.

Зиянкестер: өсімдік кенесі (schitovka).

13. ДӘМЖАПЫРАҚ LAURUS

Түр: Дәмжапырақ (LAURUS)

Тұқымдас: Дәмжапырақты (LAURACEAE)

Отаны: Жерорта теңізі

Гүлденуі: сирек.

Ағаш немесе бұтаққауқсас мәңгі жасыл өсімдік.

Температура: жазғыуақыттакүннің тура түсуіненқорғайды, мүмкін болса салқын жерге қояды. Қыста температура 5°C-тан аспау керек.

Жарықтандыру: жарықтың мол болуын да, көлеңкені де көтере алады.

Суару: жазда көбірек, қыста аздау,бірақ топыраққа батықұрғамауын қадағалау қажет.

Ауаныңылғалдылығы: ыстық күндері тұнып тұрған сумен бүрку.

Әржылдыңкөктемінде ауыстыру: 10 жылда 1 рет.

Көбеюі: саптармен, тұқыммен.

Зиянкестер: байқалмады.

14. МАРАНТА

MARANTA

Түр: Маранта (MARANTA)

Тұқымдас: Маранта (MARANTACEAE)

Отаны: Оңтүстік Америка

Мәңгі жасыл шөптесін өсімдік.

Температура: 18 °С, жазда 30 °С-қа дейін.

Жарықтандыру: көлеңке сүйгіш, бірақ күннің тура түсуінен қорғауды қажет етпейді.

Суару: жазғы уақытта көбірек, қыста шамалы.

Ауаның ылғалдылығы: ыстық күндері сумен бүрку.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: 2 жылда 1 рет көктемде.

Көбеюі: түп тамырларын бөлумен, саптармен.

Зиянкестер: қара күйе (aphids), аққанатты.

15. ПАХИСТАХИС

PACHYSTACHYS LUTEA

Түр: Пахистахис (PACHYSTACHYS)

Тұқымдас: Акант (ACANTHACEAE)

Отаны: Перу Оңтүстік Америка, Мексика.

Гүлденуі: жазда, көктемде.

Мәңгі жасыл жартылай бұта тәріздес.

Температура: шамалы, қыста 12 - 15. °С

Жарықтандыру: жарықсүйгіш, бірақ күннің тура түсуінен көлеңкелеу керек. Жазда шашыраңқы жарық.

Суару: көктемнен кешкі күзге дейін күніне 2 рет. Қыста суаруды қысқартады, топырақ қабаты құрғаған кезде суару керек.

Ауаның ылғалдылығы: жазда жапырақтарын сумен бүрку.

Әр жылдың көктемінде ауыстыру: жыл сайын көктемде гүлдегенге дейін, сонымен қатар ұзын өркендерді ұзына бойы ½ бөлігін қысқартады.

Көбеюі: жазда көктемде сабақта саптармен.

Зиянкестер: аққанатты, қара күйе (aphids), біте (thrips), өсімдік кенесі (schitovka).

16. ШЫРМАУЫҚ РЕДАТА

HEDERA HELIX "REDATA"

Түр: Шырмауық (HEDERA)

Тұқымдас: Аралия (RALIACEAE)

